1.4. Қоғамның осы Кодексті орындауын бақылауды Қоғамның Директорлар кеңесі жүзеге асырады. Корпоративтік хатшы мониторинг жүргізеді және осы Кодексті тиісінше сақтау мәселелері бойынша Қоғамның Директорлар кеңесі мен атқарушы органына кеңес береді, сондай-ақ, жыл сайын Кодекстің қағидаттары мен ережелерін сақтау/сақтамау туралы есеп қалыптастырады.

Кейіннен бұл есеп Директорлар кеңесі комитеттерінің қарастыруына шығарылады, оны Директорлар кеңесі бекітеді және ол Қоғамның жылдық есебінің құрамына енгізіледі.

1.5. Осы Кодекстің ережелерін сақтамау жағдайлары Қоғамда корпоративтік басқаруды одан әрі жетілдіруге бағытталған шешімдер қабылдай отырып, Комитеттер мен Директорлар кеңестерінің отырыстарында қарастырылады.

Нормативтік сілтемелер

Осы Ережеде өзектіліктің тиісті күніне арналған келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

«Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.


Корпоративтік басқарудың Үлгі Кодексі.

Қоғамның Жарғысы.

2. Терминдер, анықтамалар, белгілер және қысқартулар

Акционер – акцияның меншікті иесі болып табылатын тұлға;

Акционерлердің жалпы жиналысы – Қоғамның жоғарғы органы. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі Қазақстан Республикасының

	ИНТЕГРИРОВАННАЯ СИСТЕМА МЕНЕДЖМЕНТА	
	КОДЕКС КОРПОРАТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «ШЫҒЫС ЖЫЛУ»	
ККУ 18-01	Дата выпуска: 22.10.2024	Лист 59 из 107

«Акционерлік қоғамдар туралы» Заңында (бұдан әрі - Акционерлік қоғамдар туралы заң) және Қоғамның Жарғысында белгіленген;

Лауазымды тұлға – Директорлар кеңесінің (байқау кеңесінің), атқарушы органның мүшесі;

Тәуелді ұйым – егер басқа (қатысушы, басым) заңды тұлғаның дауыс беру акциялары (қатысу үлестері) жиырма пайыздан асатын болса, заңды тұлға тәуелді деп танылады;


Мүдделі тараптар – заңнама нормаларына, жасалған шарттарға (келісімшарттарға) Қоғамның қызметіне, олардың өнімдеріне немесе қызметтеріне және соған байланысты іс-әрекеттерге ықпал ететін немесе әсер етуі мүмкін немесе жанама түрде байланысты болатын жеке тұлғалар, заңды тұлғалар, жеке немесе заңды тұлғалар топтары; мүдделі тараптардың негізгі өкілдері акционерлер, қызметкерлер, клиенттер, өнім берушілер, мемлекеттік органдар, еншілес және тәуелді ұйымдар, облигация ұстаушылар, кредиторлар, инвесторлар, қоғамдық ұйымдар, Қоғам қызметі жүзеге асырылатын өңірлердің халқы болып табылады;

Атқарушы орган – Қоғамның атқарушы органының қызметтерін жеке-дара жүзеге асыратын, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Жарғыда белгіленген өкілеттіктер көлемінде Қоғам қызметіне ағымдағы басшылықты жүзеге асыратын тұлға (бас директор).

Корпоративтік хатшы – Қоғамның Директорлар кеңесінің және (немесе) атқарушы органының мүшесі болып табылмайтын, Қоғамның Директорлар кеңесі тағайындаған және Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп беретін акционерлік қоғамның қызметкері, сондай-ақ өз қызметі аясында акционерлер жиналысының және Қоғамның Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындау мен өткізуді бақылайды, акционерлер жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша және Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысына материалдардың қалыптастырылуын қамтамасыз етеді, оларға қол жеткізуді қамтамасыз етуге бақылау жүргізеді. Корпоративтік хатшының құзыреті мен қызметі Қоғамның ішкі құжаттарымен белгіленеді;

Корпоративтік келіспеушілік – акционерлер (Жалғыз акционер) мен Қоғам органдары, Директорлар кеңесі мен атқарушы орган мүшелері, корпоративтік хатшы арасындағы келіспеушіліктер немесе даулар;

Қызметтің негізгі көрсеткіштері (индикаторлары) (бұдан әрі – ҚНК) – Қоғамның лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің қызметінің тиімділігін бағалауға мүмкіндік беретін тиімділік деңгейін сипаттайтын көрсеткіштер. ҚНК Қоғамның даму жоспарының және/немесе іс-шаралар жоспарының құрамында Қоғам үшін немесе Қоғамның әрбір қызметкері үшін сараланып бекітілетін және жоспарланған және есепті кезеңдердегі олардың қызметінің нәтижелеріне сәйкес келетін сандық мәнге ие болады;

	ИНТЕГРИРОВАННАЯ СИСТЕМА МЕНЕДЖМЕНТА	
	КОДЕКС КОРПОРАТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «ШЫҒЫС ЖЫЛУ»	
ККУ 18-01	Дата выпуска: 22.10.2024	Лист 60 из 107

Корпоративтік оқиғалар – Қоғамның қызметіне елеулі әсер ететін, Акционерлік қоғамдар туралы заңда, «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» және «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының заңдарында, сондай-ақ Қоғамның жарғысында белгіленген Қоғам акционерлері мен инвесторларының мүдделерін қозғайтын оқиғалар;

Корпоративтік басқару – Қоғамның қызметін басқаруды және бақылауды қамтамасыз ететін және акционерлер, Директорлар кеңесі, атқарушы орган, Қоғамның өзге де органдары мен акционерлердің мүдделері үшін мүдделі тұлғалар арасындағы қатынастарды қамтитын үрдістер жиынтығы. Корпоративтік басқару сонымен қатар Қоғамның құрылымын анықтайды, Қоғамның құрылымы арқылы Қоғамның мақсаттары, мақсаттарға қол жеткізу жолдары, сондай-ақ қызметі нәтижелерін бақылау және бағалау әдістері белгіленеді;


Тәуелсіз директор – Директорлар кеңесінің мүшесі, ол осы Қоғамның үлестес тұлғасы болып табылмайды және ол Директорлар кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде Қоғамның үлестес тұлғасы бола алмайды (осы Қоғамның тәуелсіз директоры лауазымында болған жағдайды қоспағанда), осы Қоғамның үлестес тұлғаларына қатысты үлестес тұлға болып табылмайды; бағыныстылығы бойынша осы Қоғамның лауазымды тұлғаларымен байланысты емес - осы Қоғамның үлестес тұлғаларымен және оның Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде бағыныстылығы бойынша үлестес тұлғалармен байланысты болған жоқ; мемлекеттік қызметші болып табылмайды; осы Қоғам органдарының отырыстарында акционердің өкілі болып табылмайды және ол Директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде ол акционердің өкілі бола алмайды; осы Қоғамның аудитіне аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде қатыспайды және ол директорлар кеңесіне сайланғанға дейінгі үш жыл ішінде аудитке қатыса алмайды;

Ұйымдар – жарғылық капиталында Қоғамға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі болып табылатын, дауыс беру акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайызынан астамы бар заңды тұлғалар.

Серіктестер – өнім берушілер мен мердігерлер, бірлескен жобалардағы серіктестер;

Даму жоспары – акциялардың бақылау пакеті (жарғылық капиталға қатысу үлесі) бес жылдық кезеңге мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорынның, акционерлік қоғамның және жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің қызметінің негізгі бағыттары мен қаржы-шаруашылық қызметінің көрсеткіштерін белгілейтін құжат;

Директорлар кеңесі – Қоғамның және атқарушы органның қызметіне жалпы басшылық жасау және бақылау үшін жауапты Қоғам акционерлерінің (Жалғыз акционерінің) жалпы жиналысында оның мүшелерін сайлау арқылы құрылатын Қоғамның басқару органы;

	ИНТЕГРИРОВАННАЯ СИСТЕМА МЕНЕДЖМЕНТА	
	КОДЕКС КОРПОРАТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «ШЫҒЫС ЖЫЛУ»	
ККУ 18-01	Дата выпуска: 22.10.2024	Лист 61 из 107
Редакция № 3		

Тұрақты даму – бұл Қоғам өз қызметінің қоршаған ортаға, экономикаға, қоғамдастыққа тигізетін әсерін басқарып, мүдделі тараптардың мүдделерін сақтай отырып, шешімдер қабылдайтын даму түрі. Тұрақты даму болашақ ұрпақты өз қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндігінен айырмай, бүгінгі күнгі ұрпақтың талаптарына жауап беруі тиіс.

Мемлекеттік басқарудың тиісті саласына (аясына) басшылық ету жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі - тиісті саланың уәкілетті органы) – Қоғамның мемлекеттік акциялар пакетін иелену және пайдалану құқықтары берілген орталық атқарушы органдар, жергілікті атқарушы органдар немесе олардың ведомстволары, сондай-ақ, Мемлекеттік мүлік туралы Заңға сәйкес акционердің қызметтерін жүзеге асыратын Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті немесе оның аумақтық бөлімшелері;

Сенімгерлік міндеттемелер – өзінің кәсіби қызметін басқа адамның пайдасына жүзеге асыратын қандай да бір тұлғаның өзіне қабылдайтын міндеттемелері. Екі негізгі сенімгерлік міндеттер бар: адалдық және парасаттылық. Адалдық міндеті мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда, осы міндеттің субъектісі тек Қоғамның мүддесі үшін әрекет етуінде көрінеді. Өз кезегінде, парасаттылық міндеті әдетте осындай жағдайда талап етілетін дағдыларды, білім мен машықтарды қолдануда көрінеді.


Қоғамға қатысты сенімгерлік міндеттемелермен байланысты субъектілерге Қоғамның басқару органдарының мүшелері, оның қызметкерлері, акционерлер (Жалғыз акционер), сондай-ақ, өзге мүдделі тараптар жатады. Мысалы, Қоғамның басқару органдары мүшелерінің, оның қызметкерлерінің, сондай-ақ бақылаушы акционердің Қоғамның бизнес-мүмкіндіктерін тек өз мүддесі үшін пайдалану құқығы жоқ. Бұған керісінше жасалған әрекет Қоғамға деген адалдық міндетін бұзуды білдіреді.

Осы Кодексте қолданылатын өзге терминдер Қазақстан Республикасының заңнамасында пайдаланылатын терминдер мен анықтамаларға сәйкес келеді.

3. Қоғамның корпоративтік басқару қағидаттары. Анықтамасы мен қағидаттары

3.1. Қоғам корпоративтік басқаруды Қоғам қызметінің тиімділігін арттыру, транспаренттілік пен есептілікті қамтамасыз ету, оның беделін нығайту және оған капитал тарту шығындарын азайту құралы ретінде қарастырады. Корпоративтік басқару жүйесі Қоғамның органдары, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері арасындағы өкілеттіктер мен жауапкершілікті ажыратуды көздейді.

3.2. Қоғамның корпоративтік басқаруы әділдікке, адалдыққа, жауапкершілікке, ашықтыққа, кәсібилікке және құзыреттілікке негізделген. Корпоративтік басқару құрылымы Қоғам қызметіне мүдделі барлық тұлғалардың құқықтарын құқықтары мен мүдделерін құрметтеуге негізделеді және Қоғамның

	ИНТЕГРИРОВАННАЯ СИСТЕМА МЕНЕДЖМЕНТА	
	КОДЕКС КОРПОРАТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «ШЫҒЫС ЖЫЛУ»	
ККУ 18-01	Дата выпуска: 22.10.2024	Лист 62 из 107
Редакция № 3		

табысты қызметіне, оның құндылығын өсіруге, қаржылық тұрақтылық пен табыстылығын қолдауға ықпал етеді.

3.3. Осы Кодекстің негізгі қағидаттары:

- 1) өкілеттіктердің аражігін ажырату қағидаты;
- 2) Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты;
- 3) Директорлар кеңесі мен атқарушы органның Қоғамды тиімді басқару қағидаты;
- 4) тұрақты даму қағидаты;
- 5) тәуекелдерді басқару қағидаты, ішкі бақылау және аудит;
- 6) корпоративтік қатығыстар мен мүдделер қатығысын реттеу қағидаты;
- 7) Қоғамның қызметі туралы ақпараттың ашықтығы мен дұрыстығы қағидаты;

3.4. Қоғамның корпоративтік басқару құрылымы аясында Қоғам органдары арасындағы міндеттердің бөлінуі айқындалады, корпоративтік басқару үрдістерінің жүйелілігі мен бірізділігі қамтамасыз етіледі.

3.5. Кодексте баяндалған корпоративтік басқару қағидаттарын ұстану Қоғам қызметіне дұрыс талдау жүргізуге және қажет болған жағдайда талдаушылардан, қаржы кеңесшілерінен және рейтингтік агенттіктерден тиісті ұсыныс алу үшін тиімді тәсіл құруға жәрдемдесуге арналған.

4. Өкілеттіктерді ажырату қағидаты

4.1. Қоғам акционерлерінің (Жалғыз акционерінің), Директорлар кеңесінің және атқарушы органның құқықтары, міндеттері мен өкілеттіктері Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес белгіленеді.


4.2. Мемлекеттік орган Қоғамның акционері ретіндегі өз өкілеттіктерін және мүдделер қатығысына жол бермеу мақсатында мемлекеттік қызметтерді орындауға байланысты өкілеттіктерін ажыратады. Мемлекеттік орган тиісті саланы және/немесе өңірді дамытуды ынталандыруды ескере отырып, Қоғамның ұзақ мерзімді құнын (құндылығын) ұлғайту мақсатында Қоғам акционерінің функцияларын жүзеге асырады.

4.3. Қоғам өз қызметін өзінің негізгі (бейіндік) қызметі аясында жүзеге асырады. Қызметтің жаңа түрлерін жүзеге асыру Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексімен реттеледі.

4.4. Қоғамда активтердің оңтайлы құрылымы құрылады, олардың құрылымы мен ұйымдық-құқықтық нысаны жеңілдетіледі.

4.5. Мемлекеттік орган акционер ретінде Қоғамды басқаруға Акционерлік қоғамдар туралы заңда көзделген акционердің өкілеттіктерін іске асыру арқылы қатысады.

4.6. Мемлекеттік орган Қоғамның акционері ретінде Қоғамға толық операциялық дербестік береді және Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің

	ИНТЕГРИРОВАННАЯ СИСТЕМА МЕНЕДЖМЕНТА	
	КОДЕКС КОРПОРАТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «ШЫҒЫС ЖЫЛУ»	
ККУ 18-01	Дата выпуска: 22.10.2024	Лист 63 из 107
Редакция № 3		

тапсырмаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғамның жедел (ағымдағы) және инвестициялық қызметіне араласпайды.

4.7. Қоғамның атқарушы органы және атқарушы органның басшысы өз құзыреті шегінде шешімдер қабылдауда және іс-әрекеттерді жүзеге асыруда толығымен дербес және тәуелсіз болып табылады.

4.8. Қоғам Директорлар кеңесіне және Жалғыз акционерге Қазақстан Республикасының заңдарында көзделмеген Қоғамның және ұйымдардың жедел (ағымдағы) қызметіне мемлекеттік органдар тарапынан араласу жағдайлары туралы тоқсан сайын хабар береді.

4.9. Директорлар кеңесі қажет болған жағдайда Жалғыз акционерге мұндай жағдайлардың алдын алу жөнінде ұсыныстар енгізеді.

4.10. Қоғамның және ұйымның негізгі міндеттерінің бірі Қазақстан Республикасының белгілі бір салаларын дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру немесе іске асыруға жәрдемдесу болып табылатын жағдайларды қоспағанда, Қоғам, Жалғыз акционер және мүдделі тұлғалар арасындағы мәмілелер мен қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы аясында коммерциялық негізде жүзеге асырылады.

4.11. Қоғам өзінің экономикалық қызметін нарықтық шарттарда қаржыландырады. Атап айтқанда, қарыздық және акционерлік қаржыландыруға қол жеткізуге қатысты шарттарда төмендегілерді жүзеге асырады:

1) Қоғамның нарықтың барлық қатысушыларымен (оның ішінде қаржы және қаржылық емес ұйымдармен) қарым-қатынасы, Қоғамның негізгі міндеттерінің бірі Қазақстан Республикасының салаларын дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру немесе іске асыруға жәрдемдесу болып табылатын жағдайларды қоспағанда, тек қана коммерциялық негізге негізделеді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғамның шаруашылық қызметіне қандай да бір қосымша қаржылық қолдаудан пайда түспейді, бұл оған жеке бәсекелестер алдында артықшылық береді. Қоғамның экономикалық қызметіне жеке бәсекелестерге ұсынылатын қолайлы баға және шарттарға сәйкес ресурстар (мысалы, энергия, су ресурстары немесе жер учаскелері) түспеуі тиіс;

3) бәсекелес жеке кәсіпорындар алған нәтижелерге сәйкес келетін жұмыс жағдайларын ескере отырып, Қоғамның шаруашылық қызметінен түсетін пайда нормаларын орындау;

4) Қоғам мен ұйымдар Қоғам мен ұйымдар қызметінің бағыттары бойынша өнеркәсіптік-инновациялық, әлеуметтік-экономикалық және өзге салалардағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын ескере отырып, әлеуметтік маңызы бар және өнеркәсіптік-инновациялық жобаларды іске асыруға қатыса алады;

Мемлекеттік саясаттың мақсаттарына қатысты шығыстар туралы ақпарат Қоғамның және ұйымның интернет-ресурсында көрсетіледі.

	ИНТЕГРИРОВАННАЯ СИСТЕМА МЕНЕДЖМЕНТА	
	КОДЕКС КОРПОРАТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «ШЫҒЫС ЖЫЛУ»	
ККУ 18-01	Дата выпуска: 22.10.2024	Лист 64 из 107
Редакция № 3		

4.12. Қоғамның Тапсырыс беруші/ұйымдастырушы ретінде мемлекеттік сатып алуға қатысуы кезінде қолданылған рәсімдер бәсекеге қабілетті, ашық (күпиялылық қағидаты ескерілген) болып табылады, ұсынымдық кемсітушіліксіз сипатта болады және Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының талаптары ескеріле отырып өткізіледі.

4.13. Мемлекеттік орган мен Қоғам арасындағы өзара қарым-қатынас (өзара іс-қимыл) корпоративтік басқару қағидаттарына сәйкес Қоғамның Директорлар Кеңесі және/немесе атқарушы органы арқылы жүзеге асырылады. Директорлар кеңесі төрағасының және Қоғамның атқарушы органының рөлі мен функциялары ажыратылады және Қоғамның құжаттарында бекітіледі.

Жалғыз акционердің, Қоғамның Директорлар кеңесіне мүшелігі бар мемлекеттік органдар өкілдерінің және ұйымдардың арасындағы өзара іс-қимылға жатпайтын мемлекеттік органдар, Қоғам және ұйымдар арасындағы өзара іс-қимыл тек Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы аясында ғана жүзеге асырылады.

Қоғам акционер ретінде мемлекеттік органға және Қоғамның Директорлар кеңесіне Акционерлік қоғамдар туралы Заңға, Қоғамның Жарғысына сәйкес Қоғамның қызметі туралы ақпаратты ашады және барлық мүдделі тұлғалар алдында Қоғам мен ұйымдар қызметінің ашықтығын қамтамасыз етеді.

Қоғам мен ұйымдардың тарапынан мемлекеттік органдарға ақпарат, оның ішінде, есептер Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда беріледі.


4.14. Корпоративтік басқару жүйесі мыналар арасындағы байланысты қамтамасыз етеді:

- 1) акционерлермен (Жалғыз акционер);
- 2) Директорлар кеңесімен;
- 3) атқарушы органмен;
- 4) мүдделі тараптармен;
- 5) Жарғыға сәйкес белгіленетін өзге де органдармен.

Қоғам органдар (егер мұндай ережелер Қоғамның Жарғысында көзделмесе) және құрылымдық бөлімшелер туралы ережелерді, сондай-ақ, лауазымдық нұсқаулықтарды бекітеді. Осы құжаттардың ережелерін сақтау корпоративтік басқару үрдістерінің жүйелілігі мен дәйектілігін қамтамасыз етеді.

4.15. Қоғам ұйымдарды басқаруға Жалғыз акционердің қызметін іске асыру арқылы, сондай-ақ, Директорлар кеңесі арқылы ұйымдардың жарғыларында (ережелерінде) және осы Кодексте айқындалған тәртіппен қатысады.

4.16. Қоғам жыл сайын бірінші тоқсан мерзімінен кешіктірмей Директорлар кеңесінің төрағасына және Ұйымның Қоғамның Директорлар кеңесіндегі өкілдеріне алдағы қаржы жылына арналған Жалғыз акционердің тарапынан күтілетін көрсеткіштерді жолдайды.

	ИНТЕГРИРОВАННАЯ СИСТЕМА МЕНЕДЖМЕНТА	
	КОДЕКС КОРПОРАТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «ШЫҒЫС ЖЫЛУ»	
ККУ 18-01	Дата выпуска: 22.10.2024	Лист 65 из 107
Редакция № 3		

4.17. Қоғам акционерлердің жалпы жиналысы форматында барлық дауыс беру акциялары Қоғамға тиесілі болып табылатын ұйымның Директорлар кеңесінің (байқау кеңесінің) мүшелерімен отырыстар өткізеді.

4.18. Ұйымдардың Директорлар кеңестері (байқау кеңесі) ұйымдардың жарғысында белгіленген құзыреті аясында шешімдер қабылдауда толық дербестікке ие болып табылады.

4.19. Ұйымның тұрақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында Қоғам ұйымға арналған бірыңғай есеп саясатын, әдістемелік ұсынымдар мен корпоративтік стандарттарды қалыптастырады және бекітеді.

Ұйымда ішкі аудит және ішкі бақылау жүйесі саласында Қоғам бекіткен корпоративтік стандарттарды қолдану туралы шешімді аталған стандарттардың ұйым қызметінің ерекшелігіне сәйкестігін қамтамасыз етуді ескере отырып, ұйымның Директорлар кеңесі қабылдайды.

Қоғамның және ұйымның атқарушы органы ұйымның Директорлар кеңесінің бекітуі үшін жолданатын ұйымның іс-шаралар жоспарларының Қоғамның даму жоспарына және/немесе іс-шаралар жоспарына сәйкестігін қамтамасыз етеді.

Қоғамның атқарушы органы даму жоспарлары мен орнықты даму мәселелері бойынша ұйымның атқарушы органымен тұрақты түрде сұхбат жүргізеді. Сондай-ақ, Қоғам өз тарапынан ұйымның атқарушы органы жауапты болатын ұйымның жедел (ағымдағы) қызметіне араласуға жол бермейді.


Қоғам, ұйымдар және олардың лауазымды тұлғалары Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғам мен ұйымдардың ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен тиісінше Қоғам мен ұйымдардың ұзақ мерзімді құнының өсуін және орнықты дамуын және қабылданатын шешімдердің мен іс-әрекеттердің/әрекетсіздіктің орындалуын қамтамасыз етеді.

Қоғамның атқарушы органы ұйымның атқарушы органымен стратегия және орнықты даму мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жүргізеді. Сонымен қатар, Қоғам ұйымның атқарушы органы жауапты болатын ұйымның жедел (ағымдағы) қызметіне араласпайды.

Қоғамның және ұйымдардың алқалы атқарушы органдарындағы әйелдердің ұсынылатын саны алқалы атқарушы органдар мүшелерінің жалпы санының кемінде отыз пайызын құрайды.

4.20. Қоғамның негізгі стратегиялық міндеттерінің бірі Қоғамның ұзақ мерзімді құнын өсіру және тұрақты дамуын қамтамасыз ету болып табылады, бұл оның даму жоспарларында және/немесе іс-шаралар жоспарларында көрсетіледі. Барлық қабылданған шешімдер мен іс-шаралар даму жоспарына және/немесе іс-шаралар жоспарына сәйкес келеді.

Қоғам мен оның атқарушы органы қызметінің тиімділігін бағалаудың негізгі бөлігі тиімділік жүйесі болып табылады. Акционерлер (жалғыз акционер) Директорлар кеңесіндегі өз өкілдері арқылы (не жазбаша хабарлама арқылы) стратегиялық бағдарларды және ҚНҚ бойынша өз үміттерін білдіреді.

	ИНТЕГРИРОВАННАЯ СИСТЕМА МЕНЕДЖМЕНТА	
	КОДЕКС КОРПОРАТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «ШЫҒЫС ЖЫЛУ»	
ККУ 18-01	Дата выпуска: 22.10.2024	Лист 66 из 107
Редакция № 3		

ҚНҚ-ға қол жеткізу мақсатында Қоғам «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес даму жоспарын және/немесе іс-шаралар жоспарын әзірлейді.

Жыл сайынғы негізде Қоғамның тиімділігіне қол жеткізуді бағалау жүзеге асырылады. Бұл бағалау атқарушы орган басшысының сыйақысына өз ықпалын тигізеді, оларды қайта сайлау кезінде назарға алынады, сондай-ақ оларды атқаратын лауазымынан мерзімінен бұрын шеттету үшін негіздердің бірі болып табылады.

Даму жоспарында белгіленген мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуді бағалау мақсатында төмендегі үрдістер арқылы ҚНҚ белгіленеді:

1) Қоғам Директорлар кеңесіне жоспарланған кезеңге арналған нысаналы ҚНҚ бойынша өзінің күтілетін көрсеткіштерін жолдайды, олар Директорлар кеңесінің қарастыруына шығарылады;

2) қарастыру және талқылау қорытындылары бойынша Директорлар кеңесі он жылдық кезеңге арналған тиісті даму жоспарларын және/немесе бес жылдық кезеңге арналған іс-шаралар жоспарларын әзірлеу үшін атқарушы органға жеткізілетін ҚНҚ тізбесі мен нысаналы мәндерін бекітеді;

3) Қоғамның іс-шаралар жоспарын Директорлар кеңесі бекітеді.

4.21. Қоғам даму жоспарларын әзірлеу, бекіту, сондай-ақ олардың іске асырылуын мониторингілеу мен бағалаудың бірыңғай қағидаларын бекітеді.

Қоғамның атқарушы органы даму жоспарларының және/немесе іс-шаралар жоспарының орындалуына мониторинг жүргізеді.

Мониторинг нәтижелері мен іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы есептер Қоғамның құжаттарында белгіленген тәртіппен Қоғамның қызметін жоспарлау, мониторинг жүргізу және бағалау жөніндегі ақпараттық жүйесіне енгізіледі.

5. Акционерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты

5.1. Қоғам Акционерлік қоғамдар туралы, Мемлекеттік мүлік туралы заңдарда және Қоғамның Жарғысында көзделген Жалғыз акционердің құқықтарының іске асырылуын қамтамасыз етеді. Акционерлердің (қатысушылардың) құқықтарын сақтау Қоғамға инвестициялар тартудың негізгі шарты болып табылады. Қоғамдағы корпоративтік басқару акционерлердің (қатысушылардың) құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, құрметтеуді қамтамасыз етуге негізделеді және Қоғамның тиімді қызметіне, оның ішінде, Қоғамның ұзақ мерзімді құнын өсіруге, қаржылық тұрақтылығы мен табыстылығын қолдауға бағытталған.

6. Жалғыз акционердің құқықтарын қамтамасыз ету

6.1. Қоғам Жалғыз акционердің құқықтарын іске асыруды қамтамасыз етеді, оның ішінде:

1) акцияларды иелену, пайдалану және оларға билік ету құқығы;

	ИНТЕГРИРОВАННАЯ СИСТЕМА МЕНЕДЖМЕНТА	
	КОДЕКС КОРПОРАТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «ШЫҒЫС ЖЫЛУ»	
ККУ 18-01	Дата выпуска: 22.10.2024	Лист 67 из 107
Редакция № 3		

2) мемлекеттік мүлік туралы заңда, Акционерлік қоғамдар туралы Заңның 36-бабында және/немесе Қоғамның Жарғысында көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысу және Директорлар кеңесін сайлау құқығы;

3) Қоғамның пайда үлесін (дивидендтерді) алу құқығы;

4) таратылған кезде Қоғам активтеріндегі үлесті алу құқығы;

5) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алу, оның ішінде Қоғамның Жалғыз акционерімен немесе Жарғысымен белгіленген тәртіппен Қоғамның қаржылық есептілігімен танысу құқығы;

6) Қоғамның қызметіне қатысты жазбаша сұраулармен жүгіну және Қоғамның Жарғысында белгіленген мерзімдерде дәлелді және толық жауаптар алу құқығы;

7) Қоғамның тіркеушісінен немесе акцияларды номиналды ұстаушысынан Қоғамның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын жазба алу құқығы;

8) Қоғам органдары қабылдаған шешімдер бойынша сот тәртібімен дауласу құқығы;

9) Акционерлік қоғамдар туралы Заңның 63 және 74-баптарында көзделген жағдайларда Қоғамның дауыс беру акцияларының бес және одан да көп пайызын өз бетінше немесе басқа акционерлермен бірге иеленген кезде Қоғамның лауазымды тұлғаларының Қоғамға келтірген залалдарын Қоғамға өтеуі және Қоғамның лауазымды тұлғалары және/немесе олардың үлестес тұлғалары ірі мәмілелер және/немесе мәмілелер жасасу (жасасуға ұсыныс) туралы шешімдер қабылдау нәтижесінде алған пайдасын (табысын) Қоғамға қайтаруы талабымен өз атынан сот органдарына жүгіну құқығы;


10) Акционерлік қоғамдар туралы заңда белгіленген тәртіппен Қоғамның акцияларын немесе оның акцияларына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарын басымдықпен сатып алу құқығы;

11) акционерлердің жалпы жиналысының Акционерлік қоғамдар туралы заңда көзделген тәртіппен Қоғам акцияларының санын өзгерту немесе олардың түрін өзгерту туралы шешім қабылдауына қатысу құқығы.

6.2. Жалғыз акционері бар Қоғамда акционерлердің жалпы жиналысы өткізілмейді. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның Жарғысында акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді осындай акционер жеке-дара қабылдайды және жазбаша түрде ресімдейді.

7. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі

7.1. Жалғыз акционер жыл қызметінің қорытындыларын шығару және өз құзыретінің мәселелері бойынша шешімдер қабылдау үшін Директорлар Кеңесімен және атқарушы органмен отырыстар өткізе алады. Жалғыз акционер өз құзыреті аясында Қоғам қызметінің мәселелерін талқылау үшін Директорлар кеңесінің төрағасымен жыл бойы тұрақты кездесулер өткізе алады.

	ИНТЕГРИРОВАННАЯ СИСТЕМА МЕНЕДЖМЕНТА	
	КОДЕКС КОРПОРАТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «ШЫҒЫС ЖЫЛУ»	
ККУ 18-01	Дата выпуска: 22.10.2024	Лист 68 из 107
Редакция № 3		

7.2. Барлық дауыс беру акциялары бір акционерге тиесілі, сондықтан акционерлердің жалпы жиналыстары өткізілмейді.

7.3. Заңнамамен және (немесе) Қоғамның Жарғысымен акционерлердің жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді осындай акционер жеке-дара қабылдайды және бұл шешімдер артықшылығы бар акциялармен куәландырылған құқықтарға қысым жасамайтын және оларды шектемейтін жағдайда жазбаша түрде ресімделуге тиіс.

7.4. Жалғыз акционердің сұрауы бойынша Қоғам қызметінің жоспарлары, жетістіктері мен көкейкесті мәселелері туралы қосымша мәліметтер, сондай-ақ, Қоғамның қызметі туралы басқа ұйымдардың талдамалық зерттеулері мен материалдары ұсынылады.

7.5. Қоғам Жалғыз акционердің назарына Қоғамның Жарғысында және ішкі құжаттарында көзделген тәртіппен акционерлердің мүдделерін қозғайтын өз қызметі туралы ақпаратты уақтылы және толық көлемде жеткізеді.

7.6. Қоғам Жалғыз акционерді қаржы-шаруашылық қызметі және оның нәтижелері туралы сенімді ақпаратпен қамтамасыз етеді.

7.7. Акционерлердің жалпы жиналысы/Қоғамның Директорлар кеңесін тыңдауға дайындық кезеңінде акционерлерге күн тәртібі мен оның материалдары бойынша сұрақ қою мүмкіндігін қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық және техникалық жағдайлар жасалады. Қоғамда лауазымды тұлғалардың, корпоративтік хатшының (немесе оның қызметін жүзеге асыратын тұлғаның) және Қоғам қызметкерлерінің акционерлермен және инвесторлармен өзара іс-қимыл жүргізу жөніндегі өкілеттіктері, сондай-ақ, олардың сұрауларына жауап беру тәртібі бекітілген.


7.8. Корпоративтік хатшы (немесе оның қызметін жүзеге асыратын тұлға) Жалғыз акционерден келіп түсетін мәселелерге мониторинг жүргізеді және акционерлердің жалпы жиналысын өткізу рәсімі бойынша жауап береді, Қазақстан Республикасы заңнамасының және акционерлердің жалпы жиналысына қатысу және дауыс беру тәртібі бойынша Қоғам құжаттарының ережелерін, сондай-ақ, егер Қоғамның ішкі құжаттарында белгіленген болса, басқа мәселелер бойынша түсініктемелер береді.

8. Дивидендтік саясат

8.1. Жалғыз акционер дивидендтерді төлеу шарттары мен тәртібіне қатысты ақпаратқа, сондай-ақ, дивидендтерді төлеу кезінде Қоғамның қаржылық жағдайы туралы расталған ақпаратқа қол жеткізумен қамтамасыз етіледі.

Осы мақсатта Жалғыз акционер дивидендтік саясатты бекітеді.

8.2. Дивидендтік саясат Директорлар кеңесі (атқарушы орган) Жалғыз акционерге Қоғамның өткен қаржы жылының таза кірісін бөлу туралы ұсыныстарды дайындау кезінде басшылыққа алатын қағидаттарды белгілейді. Дивидендтік саясат келесі қағидаттарға негізделеді:

	ИНТЕГРИРОВАННАЯ СИСТЕМА МЕНЕДЖМЕНТА	
ККУ 18-01	КОДЕКС КОРПОРАТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «ШЫҒЫС ЖЫЛУ»	
Редакция № 3	Дата выпуска: 22.10.2024	Лист 69 из 107

1) Жалғыз акционердің мүдделерін сақтау және қорғау, оның ішінде, заңнамада көзделген дивидендтерді Қоғам тарапынан кепілдендірілген түрде төленуін қамтамасыз ету;

2) ұйымның ұзақ мерзімді құнын ұлғайту;

3) макроэкономикалық факторлардың әсерін ескере отырып, ұйымның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету;

4) Қоғамның қаражаты есебінен іске асырылатын қызмет түрлері мен инвестициялық жобаларды қаржыландыру және ұйымды одан әрі дамытуға бағытталған қызметті қаржыландыру қажеттіліктері, активтердің оңтайлы құрылымы сақталған жағдайда, акционерлердің (қатысушылардың) ұйымның акцияларына (қатысу үлестеріне) инвестицияланған қаражатты дивиденд түрінде қайтару қажеттіліктері арасындағы оңтайлы теңгерімді қамтамасыз ету;

5) дивидендтер мөлшерін айқындау тетігінің ашықтығын қамтамасыз ету;

6) Жалғыз акционердің қысқа мерзімді (кіріс алу) және ұзақ мерзімді (ұйымның дамуы) мүдделерінің теңгерімділігі;

7) ұйымның таза табысы өскен жағдайда дивидендтік төлемдердің ұлғаюын қамтамасыз ету;

8) ұйым дивидендтерінің мөлшерін белгілеуде ұйымның даму дәрежесіне және қаржылық тұрақтылығы мен өнімділігі көрсеткіштерінің негізінде айқындалатын қаржы-экономикалық жай-күйіне қарай сараланған тәсілді пайдалану;

9) Қоғам және/немесе ұйым жасасқан шарттарда белгіленген міндеттемелерді сақтау.


8.3. Дивидендтік саясатта таза табысты бөлу және оның дивидендтерді төлеуге бағытталатын бөлігін айқындау тәртібі, дивидендтер мөлшерін есептеу тәртібі, дивидендтерді төлеу тәртібі, оның ішінде, оларды төлеу мерзімдері, орны мен нысаны да реттеледі.

8.4. Дивидендтік саясат дивидендтерді төлеуге бағытталған Қоғамның таза пайдасының үлесін анықтау тәртібін белгілейді.

8.5. Дивидендтер мөлшерін есептеу Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының және халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптарына сәйкес жасалған ұйымның жылдық аудиттелген қаржылық есептілігінде көрсетілген ұйымның таза кірісінің сомасына негізделі отырып жүргізіледі.

8.6. Тоқсанның немесе жартыжылдықтың қорытындылары бойынша қарапайым акциялар бойынша дивидендтер төленген немесе өткен жылдардың бөлінбеген пайдасын бөлген жағдайда, сондай-ақ, жекелеген жағдайларда дивидендтердің мөлшерін Жалғыз акционер тиісті кезеңдердегі пайданы бөлу тәртібін бекіту туралы мәселені қарастыру кезінде ерекше тәртіппен айқындайды.

8.7. Дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау үшін Директорлар кеңесі Қоғамның өткен қаржы жылындағы таза табысын бөлу және ұйымның бір

	ИНТЕГРИРОВАННАЯ СИСТЕМА МЕНЕДЖМЕНТА	
	КОДЕКС КОРПОРАТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «ШЫҒЫС ЖЫЛУ»	
ККУ 18-01	Дата выпуска: 22.10.2024	Лист 70 из 107
Редакция № 3		

қарапайым акциясына есептегендегі бір жылдың дивиденд мөлшері туралы ұсыныстарды Жалғыз акционердің қарастыруына ұсынады.

8.8. Дивидендтер экономикалық негіз болған кезде және төлем Қоғам қызметінің ұзақ мерзімді тұрақтылығының нашарлауына немесе Қоғамның төлеу қабілетсіздігіне әкеп соқтырмайтын жағдайда төленеді.

8.9. Қоғам акционерлерге (қатысушыларға) және инвесторларға ынтымақтастықтың, келісімдер мен серіктестіктің кез келген нысандары мен шарттары туралы ақпаратты ашады.

9. Тиімді Директорлар кеңесі

9.1. Директорлар кеңесі ұйымның стратегиялық басшылығын және атқарушы органның қызметін бақылауды қамтамасыз ететін Қоғамның Жалғыз акционеріне есеп беретін басқару органы болып табылады.


9.2. Директорлар кеңесі Жалғыз акционер алдында өз қызметінің толық ашықтығын, сондай-ақ, осы Кодекстің барлық ережелерін енгізуді қамтамасыз етеді.

9.3. Мемлекеттік орган/Қоғам акционер және/немесе оның өкілдері болып табылатын тұлғалар ұсынған акционердің қалауын Қоғамның/ұйымның Директорлар кеңесі мүшелерінің назарына жеткізудің тиімді тетіктерінің болуын қамтамасыз етеді.

9.4. Директорлар кеңесі өз қызметін Мемлекеттік мүлік туралы заңға, Акционерлік қоғамдар туралы заңға, Қоғам Жарғысына, осы Кодекске, Қоғамның Директорлар кеңесі туралы ережеге және Қоғамның өзге ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

Директорлар кеңесі келесі мәселелерге ерекше назар аударады:

- 1) даму жоспарын (бағыттары мен нәтижелерін) айқындау;
- 2) даму жоспарында және/немесе іс-шаралар жоспарында белгіленетін ҚНҚ көрсету және оларға мониторинг жүргізу;
- 3) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімді жұмысын ұйымдастыру және қадағалау;
- 4) Директорлар кеңесінің құзыреті аясында ірі инвестициялық жобаларды және басқа да негізгі стратегиялық жобаларды тиімді іске асыруды бекіту және мониторингілеу;
- 5) атқарушы органның қызметін сайлау (қайта сайлау), сыйақы беру, сабақтастықты жоспарлау және қадағалау;
- 6) Қоғамның істерін және тиісті тәуекелдерді анық көрсететін ақпаратты, оның ішінде, қаржылық есептілікті ашу;
- 7) корпоративтік басқару және әдеп;
- 8) Қоғамда осы Кодекстің және Қоғамның іскерлік әдеп саласындағы корпоративтік стандарттарының (Іскерлік әдеп кодексінің) ережелерін сақтау.

	ИНТЕГРИРОВАННАЯ СИСТЕМА МЕНЕДЖМЕНТА	
	КОДЕКС КОРПОРАТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «ШЫҒЫС ЖЫЛУ»	
ККУ 18-01	Дата выпуска: 22.10.2024	Лист 71 из 107
Редакция № 3		

9.5. Директорлар кеңесінің мүшелері өздерінің функционалдық міндеттерін адал орындайды және өз қызметінде мынадай қағидаттарды ұстанады:

1) өз өкілеттіктері шегінде әрекет ету - Директорлар кеңесінің мүшелері Мемлекеттік мүлік туралы заңда, Акционерлік қоғамдар туралы заңда, сондай-ақ, Қоғамның Жарғысында бекітілген шешімдер қабылдайды және өз өкілеттіктері шегінде әрекет етеді;


2) Директорлар Кеңесінің, оның комитеттерінің отырыстарына қатысуға және оларға дайындалуға жеткілікті уақыт бөлуге міндетті - Директорлар кеңесі мүшесінің лауазымына бір мезгілде төрт заңды тұлғадан артық орналасуға жол берілмейді, мемлекеттік мүлік жөніндегі орталық уәкілетті органның өкілдерін қоспағанда, Директорлар кеңесі төрағасының лауазымына бір мезгілде екі заңды тұлғада ғана орналасуға рұқсат етіледі. Директорлар кеңесінің мүшесінің өзге заңды тұлғалардың лауазымдарына орналасуына Директорлар кеңесінің мақұлдауын алғаннан кейін жол беріледі;

3) Қоғамның ұзақ мерзімді құны мен орнықты дамуының өсуіне ықпал ету - Директорлар кеңесінің мүшелері Жалғыз акционерге әділ көзқарас таныта отырып және орнықты даму қағидаттарын ескере отырып, Қоғамның мүддесі үшін әрекет етеді; Директорлар кеңесі мүшелерінің шешімдері мен іс-әрекеттерінің ықпалын мынадай мәселелер арқылы анықтауға болады: ұзақ мерзімді кезеңдегі шешімнің/іс-қимылдың салдары қандай; ұйым қызметінің Қоғамға және қоршаған ортаға әсері қандай; барлық акционерлерге әділ көзқарас қамтамасыз етіле ме; Қоғамның беделіне және іскерлік этиканың жоғары стандарттарына әсер ету; мүдделі тараптардың мүдделеріне ықпал ету (осы мәселелер тізбесі толық емес);

4) іскерлік этиканың жоғары стандарттарын сақтау - Директорлар кеңесінің мүшелері өз іс-әрекеттерінде, шешімдерінде және мінез-құлқында іскерлік этиканың жоғары стандарттарына сәйкес келеді және Қоғам қызметкерлері үшін үлгі болуы тиіс;

5) мүдделер қақтығысын тудырмау - Директорлар кеңесінің мүшелері Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін тиісінше орындауына жеке мүдделіліктің әсер етуі мүмкін жағдайлардың туындауына жол бермейді, мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда, шешімдердің бейтарап қабылдануына ықпал ететін немесе әсер етуі мүмкін жағдайлар туындаған жағдайда, Директорлар кеңесінің мүшелері бұл туралы Директорлар кеңесінің төрағасына алдын ала хабарлайды және Директорлар кеңесінің мұндай шешімдерді талқылауға және қабылдауға қатыспайды. Бұл талап Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін тиісінше орындауға тікелей немесе жанама әсер етуі мүмкін Директорлар кеңесі мүшесінің басқа да іс-әрекеттеріне де қатысты болады;

6) тиісті парасаттылықпен, іскерлікпен және ұқыптылықпен әрекет ету - Директорлар кеңесінің мүшелері заңнама, корпоративтік басқару, тәуекелдерді

	ИНТЕГРИРОВАННАЯ СИСТЕМА МЕНЕДЖМЕНТА	
ККУ 18-01	КОДЕКС КОРПОРАТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «ШЫҒЫС ЖЫЛУ»	
Редакция № 3	Дата выпуска: 22.10.2024	Лист 72 из 107

басқару, қаржы және аудит, орнықты даму, саланы және Қоғам қызметінің ерекшелігін білу сияқты бағыттарды қоса алғанда, Директорлар кеңесінің құзыреттері және Директорлар кеңесі мен комитеттердегі өз міндеттерін орындау бөлігінде өз білімдерін тұрақты түрде арттырып отырады. Қоғам қызметінің өзекті мәселелерін түсіну мақсатында Директорлар кеңесінің мүшелері Қоғамның негізгі нысандарына үнемі барады және қызметкерлермен кездесулер өткізеді.

9.6. Директорлар кеңесі арасындағы өз қызметін қамтамасыз ету, өз қызметтері мен міндеттерін орындау, оның ішінде, Қоғам қызметінің стратегиялық бағыттарын айқындау бойынша (бірақ онымен шектелмей), міндеттерді және нақты, өлшенетін (цифрландырылған) ҚТК көрсету үшін жауапкершілік және Қоғамның операциялық (ағымдағы) қызметі үшін Қоғам Басқармасының жауапкершілігі, оның ішінде (бірақ шектелмей) қойылған міндеттерді орындау және белгіленген тиімділікке қол жеткізу Қоғамның тиісті ішкі құжаттарында бөлінеді және бекітіледі.

9.7. Директорлар кеңесінің мүшелері өз міндеттерін, соның ішінде, Жалғыз акционер алдындағы сенімгерлік міндеттерді орындайды және қабылданған шешімдерге, өз қызметінің тиімділігіне, әрекетіне және/немесе әрекетсіздігіне жауап береді. Әртүрлі пікірлер туындаған жағдайда Директорлар кеңесінің төрағасы Қоғамның мүдделеріне сай шешім қабылдау үшін Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерімен айтылған барлық қолайлы нұсқалар мен ұсыныстарды қарауды қамтамасыз етеді.


9.8. Жыл сайын Директорлар кеңесінің төрағасы Жалғыз акционерге төмендегі құжаттарды ұсынады:

1) есепті кезеңдегі Директорлар кеңесі мен оның комитеттері қызметінің қорытындылары, Қоғамның ұзақ мерзімді құны мен орнықты дамуы бойынша Директорлар Кеңесі қабылдаған шаралар, тәуекелдің негізгі факторлары, елеулі оқиғалар, қаралған мәселелер, отырыстардың саны, отырыстардың нысаны, қатысу көрсеткіші, сондай-ақ, басқа маңызды ақпарат көрсетілетін Директорлар Кеңесінің есебі - Директорлар кеңесінің есебі Қоғамның жылдық есебінің құрамына енгізіледі;

2) Жалғыз акционердің тарапынан күтілетін көрсеткіштерді іске асыру туралы есеп.

9.9. Директорлар кеңесі жыл сайын осы Кодекстің нормаларының сақталуы туралы Жалғыз акционер алдында есеп береді. Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің өз міндеттерін объективті орындауына жол бермейтін мүдделер қақтығысының және Директорлар кеңесінің үрдістеріне саяси араласуды шектеудің алдын алуға көмектесетін тетіктерді енгізуді қамтамасыз етеді.

9.10. Қоғамның Жалғыз акционері даму жоспарының мәселелерін, Қоғамның атқарушы органын сайлауды және Қоғамның ұзақ мерзімді құнының өсуіне және тұрақты дамуына әсер ететін басқа аспектілерді талқылау үшін Директорлар кеңесінің төрағасымен және мүшелерімен қосымша отырыстар өткізе алады.

	ИНТЕГРИРОВАННАЯ СИСТЕМА МЕНЕДЖМЕНТА	
	КОДЕКС КОРПОРАТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «ШЫҒЫС ЖЫЛУ»	
ККУ 18-01	Дата выпуска: 22.10.2024	Лист 73 из 107
Редакция № 3		

Мұндай отырыстар алдын ала жоспарланып, бекітілген рәсімдерге сәйкес өткізіледі.

9.11. Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінде Қоғамның мүддесі үшін және Жалғыз акционерге әділ көзқарас пен орнықты даму қағидастарын ескере отырып, тәуелсіз, объективті және тиімді шешімдер қабылдауды қамтамасыз ететін дағдылардың, тәжірибе мен білімнің теңгерімі сақталады.

9.12. Директорлар кеңесінің мүшелері үміткерлердің құзыреттерін, дағдыларын, жетістіктерін, іскерлік беделін және кәсіби тәжірибесін ескеретін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бекітетін қағидалар мен өлшемшарттарға сәйкес ашық және әділ байқау арқылы сайланады. Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерін немесе оның толық құрамын жаңа мерзімге қайта сайлау кезінде олардың Қоғамның Директорлар кеңесі қызметінің тиімділігіне қосқан үлесі назарға алынады.

9.13. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттік мерзімі Жалғыз акционер Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау жөнінде шешім қабылдаған кезде аяқталады.

9.14. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері үш жылдан аспайтын мерзімге сайланады, кейіннен қызметтің қанағаттанарлық нәтижелері болған жағдайда тағы үш жылға дейінгі мерзімге қайта сайлауға жол беріледі.


9.15. Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына қатарынан алты жылдан астам мерзімге кез келген сайлану Директорлар кеңесінің құрамын сапалы жаңарту қажеттілігін ескере отырып, ерекше қарастырылады. Ерекше жағдайларда алты жылдан астам мерзімге сайлауға жол беріледі, сонымен қатар, ол тұлғаны Директорлар кеңесінің құрамына сайлау қажеттілігі және осы фактордың шешім қабылдаудың тәуелсіздігіне әсері егжей-тегжейлі түсіндіріле отырып, жыл сайын жүргізіледі.

9.16. Бірнеше рет сайланған тұлғаға тоғыз жылдан астам уақыт қатарынан Қоғамның Директорлар кеңесіне сайланбауға кеңес беріледі.

Ешбір тұлға өзінің тағайындалуына, сайлануына және қайта сайлануына байланысты шешімдер қабылдауға қатыспайды.

9.17. Директорлар кеңесінің құрамына кандидаттарды іріктеу кезінде назарға алынады:

- 1) басшылық лауазымдардағы жұмыс тәжірибесі;
- 2) Директорлар кеңесінің мүшесі ретіндегі жұмыс тәжірибесі;
- 3) жұмыс өтілі;
- 4) халықаралық сертификаттардың болуын қоса алғанда, білімі, мамандығы;
- 5) бағыттар мен салалар бойынша құзыреттердің болуы (салалар активтер портфеліне байланысты өзгеруі мүмкін);
- 6) іскерлік бедел;
- 7) тікелей немесе ықтимал мүдделер қақтығысының болуы.

	ИНТЕГРИРОВАННАЯ СИСТЕМА МЕНЕДЖМЕНТА	
	КОДЕКС КОРПОРАТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «ШЫҒЫС ЖЫЛУ»	
ККУ 18-01	Дата выпуска: 22.10.2024	Лист 74 из 107
Редакция № 3		

9.18. Қоғамның Директорлар кеңесінің сандық құрамын Жалғыз акционер белгілейді. Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамы қызмет ауқымын, бизнес қажеттіліктерін, ағымдағы міндеттерді, даму жоспарын және/немесе іс-шаралар жоспарын және қаржылық мүмкіндіктерді ескере отырып, жеке белгіленеді.

Қоғамның және ұйымдардың Директорлар Кеңесі құрамындағы әйелдердің ұсынылатын саны Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының кемінде отыз пайызын құрайды.

9.19. Директорлар кеңесінің құрамы Директорлар кеңесі мүшелерінің (акционерлердің, тәуелсіз директорлар өкілдерінің, Директорлар кеңесінің құрамына енгізілген жағдайда атқарушы орган басшысының) теңгерімді үйлесімі арқылы Қоғамның мүддесі үшін және Жалғыз акционерге әділ көзқарасты ескере отырып, шешімдер қабылдауды қамтамасыз етеді.

Директорлар кеңесінің барлық құрамын немесе жекелеген мүшелерін сайлау туралы мәселеге белгіленген тәртіппен Қоғамның Директорлар кеңесі арқылы Жалғыз акционер немесе тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет бастамашылық береді.

9.20. Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымына сайланбайды:

1) заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар тұлға;


2) бұрын акцияларды мәжбүрлеп тарату немесе мәжбүрлеп сатып алу немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде басқа заңды тұлғаның Директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшысы (басқарма төрағасы), басшысының орынбасары, бас бухгалтері болып табылған тұлға. Көрсетілген талап акцияларды мәжбүрлеп тарату немесе мәжбүрлеп сатып алу немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданған күннен кейін бес жыл ішінде қолданылады;

3) сыбайлас жемқорлық қылмысын жасаған тұлға.

Осы тармақта көрсетілген ережелер Қоғамның Жарғысында белгіленген.

9.21. Директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директорлар қатысады. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адамды құрайды. Қоғамның Директорлар кеңесі құрамының кемінде отыз пайызы тәуелсіз директорлар болуы тиіс. Тәуелсіз директорлардың саны қабылданған шешімдердің тәуелсіздігін және барлық акционерлерге әділ қарауды қамтамасыз ету үшін жеткілікті болуы керек. Қоғамның Директорлар кеңесі құрамындағы тәуелсіз директорлардың ұсынылатын саны Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының елу пайызын құрайды.

Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелері дұрыс пайымдауды жүзеге асыруға қауіп төндіретін Қоғам, оны басқару немесе оның меншігі арасындағы қандай да бір материалдық мүдделерден немесе қатынастардан бос болады.

	ИНТЕГРИРОВАННАЯ СИСТЕМА МЕНЕДЖМЕНТА	
ККУ 18-01	КОДЕКС КОРПОРАТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «ШЫҒЫС ЖЫЛУ»	
Редакция № 3	Дата выпуска: 22.10.2024	Лист 75 из 107

9.22. Тәуелсіз директор деп жекелеген акционерлердің, атқарушы органның және басқа мүдделі тараптардың ықпалынан бос тәуелсіз және дұрыс шешімдер қабылдау үшін жеткілікті кәсібилігі мен дербестігі бар тұлға танылады.

Тәуелсіз директорларға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның жарғысына сәйкес белгіленеді.

9.23. Тәуелсіз директорлар мүдделер қақтығысы болуы мүмкін мәселелерді талқылауға белсенді қатысады (қаржылық және қаржылық емес есептілікті дайындау, оларға қатысты мүдделілік бар мәмілелер жасасу, Басқарма құрамына үміткерлер ұсыну, Басқарма мүшелеріне сыйақы белгілеу). Тәуелсіз директорларды Директорлар кеңесі комитеттерінің төрағалары – стратегиялық жоспарлау, кадрлар мен сыйақылар, ішкі аудит мәселелері, қоғамның ішкі құжаттарында көзделген өзге де мәселелер бойынша сайлайды.

Тәуелсіз директор Тәуелсіздік мәртебесінің жоғалуы мүмкін екендігін бақылайды және мұндай жағдайлар болған жағдайда Директорлар кеңесінің төрағасын алдын ала хабардар етеді. Директорлар кеңесі мүшесінің тәуелсіздігіне әсер ететін мән-жайлар болған жағдайда, Директорлар кеңесінің төрағасы тиісті шешім қабылдау үшін осы ақпаратты акционерлердің назарына дереу жеткізеді.

9.24. Директорлар кеңесі мүшелері мен Қоғам арасындағы қатынастар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, осы Кодекстің ережелерін және Қоғамның ішкі құжаттарын ескере отырып, шарттар арқылы ресімделеді.


Шарттарда тараптардың құқықтары, міндеттері, жауапкершілігі және басқа да елеулі талаптар, сондай-ақ директордың осы Кодекстің ережелерін сақтау, оның ішінде өзіне жүктелген қызметтерді орындау үшін жеткілікті уақыт бөлу міндеттемелері, Директорлар кеңесі белгілеген мерзімге оның қызметі тоқтатылғаннан кейін Қоғам туралы ішкі ақпаратты жария етпеу туралы міндеттемелер және тәуелсіз директорлардың мәртебесі мен функцияларына қойылатын талаптарға негізделген қосымша міндеттемелер көрсетіледі.

Шарттарда Директорлар кеңесі мүшелерінің жекелеген міндеттерді орындау мерзімдері көзделуі мүмкін.

9.25. Қоғам Директорлар кеңесі мүшелері қызметінің үздіксіздігін және Директорлар кеңесі құрамының екпінді жаңаруын қолдау үшін сабақтастық жоспарларының болуын қамтамасыз етеді.

9.26. Директорлар кеңесі жаңадан сайланған Директорлар кеңесінің мүшелері үшін лауазымға кіріспе бағдарламасын және Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі үшін кәсіби даму бағдарламасын бекітеді. Корпоративтік хатшы осы бағдарламаның іске асырылуын қамтамасыз етеді.

9.27. Алғаш рет сайланған Директорлар кеңесінің мүшелері тағайындалғаннан кейін лауазымға кірісу бағдарламасынан өтеді. Лауазымға кірісу барысында Директорлар кеңесінің мүшелері өздерінің құқықтары мен міндеттерімен, қызметінің негізгі аспектілерімен және Қоғам мен ұйымның

	ИНТЕГРИРОВАННАЯ СИСТЕМА МЕНЕДЖМЕНТА	
ККУ 18-01	КОДЕКС КОРПОРАТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «ШЫҒЫС ЖЫЛУ»	
Редакция № 3	Дата выпуска: 22.10.2024	Лист 76 из 107

құжаттарымен, оның ішінде ең үлкен тәуекелдермен байланысты құжаттарымен танысады.

9.28. Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесіне жалпы басшылық жасауға жауапты, Директорлар кеңесінің оның негізгі қызметтерін толық және тиімді іске асыруын және Директорлар кеңесінің мүшелері, Қоғамның Жалғыз акционері мен атқарушы органы арасында сындарлы сұхбат құруды қамтамасыз етеді.

Директорлар кеңесінің төрағасы Қоғамның ұзақ мерзімді құнының өсуіне және орнықты дамуына бейімделген, ішкі және сыртқы сын-тегеуріндерге уақтылы және тиісті кәсіби деңгейде назар салатын кәсіпқойлардың бірыңғай тобын құрады.

Директорлар кеңесі төрағасының рөлін орындау үшін кандидат кәсіби біліктілігі мен тәжірибесімен қатар көшбасшылық, ынталандыру, әртүрлі көзқарастар мен тәсілдерді түсіну, жанжалды жағдайларды шешу дағдыларына ие болуы тиіс.

Қоғамның Директорлар кеңесі төрағасының және атқарушы органының функциялары Қоғамның Жарғысында бөлінеді және бекітіледі. Атқарушы органның басшысы Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

Директорлар кеңесі төрағасының негізгі қызметтеріне мыналар жатады:

1) Директорлар кеңесінің отырыстарын жоспарлау және күн тәртібін қалыптастыру;

2) Директорлар кеңесі мүшелерінің шешім қабылдау үшін толық және өзекті ақпаратты уақтылы алуын қамтамасыз ету;


3) Директорлар кеңесінің стратегиялық мәселелерді қарауға және Директорлар кеңесінің қарауына жататын ағымдағы (операциялық) сипаттағы мәселелерді барынша азайтуға назар аударуын қамтамасыз ету;

4) талқылауға жеткілікті уақыт бөлу, күн тәртібіндегі мәселелерді жан-жақты және терең қарау, ашық талқылауларды ынталандыру, келісілген шешімдерге қол жеткізу арқылы Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізудің нәтижелілігін қамтамасыз ету;

5) негізгі стратегиялық шешімдер қабылдау кезінде ірі акционерлермен арасында кеңес алуды ұйымдастыруды қамтитын акционерлермен тиісті байланыс және өзара іс-қимыл құру;

6) Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционердің қабылданған шешімдерінің тиісінше орындалуына мониторинг пен қадағалауды қамтамасыз ету.

7) корпоративтік келіспеушіліктер туындаған жағдайда оларды шешу және ұйымның қызметіне теріс әсерді азайту жөнінде шаралар қабылдау және мұндай жағдайларды өз күшімен шешу мүмкін болмаған жағдайда Жалғыз акционерді уақтылы хабардар ету.

	ИНТЕГРИРОВАННАЯ СИСТЕМА МЕНЕДЖМЕНТА	
	КОДЕКС КОРПОРАТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «ШЫҒЫС ЖЫЛУ»	
ККУ 18-01	Дата выпуска: 22.10.2024	Лист 77 из 107

10. Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы беру

10.1. Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақы деңгейі Қоғамды табысты басқару үшін талап етілетін осындай деңгейдегі Директорлар кеңесінің әрбір мүшесін тарту және уәждеу үшін жеткілікті мөлшерде Жалғыз акционердің шешімімен белгіленеді. Қоғамның Директорлар кеңесінің Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитеті тәуелсіз директорларға үміткерлердің сыйақы мөлшері бойынша ұсыныстар енгізеді.

10.2. Ешбір тұлға өзінің сыйақысына байланысты шешім қабылдауға қатыспайды.

10.3. Директорлар кеңесі мүшесінің сыйақы мөлшерін белгілеу кезінде Директорлар кеңесі мүшелерінің міндеттері, Қоғам қызметінің ауқымы, даму жоспарында айқындалатын ұзақ мерзімді мақсаттар мен міндеттер, Директорлар кеңесі қарайтын мәселелердің күрделілігі, жеке сектордың ұқсас компанияларындағы сыйақы деңгейі (бенчмаркинг, сыйақыларға шолу) назарға алынады.

Мемлекеттік қызметші болып табылатын акционерлік қоғамдардың Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төленбейді.

10.4 Сыйақы деңгейі тым жоғары сыйақы деңгейін белгілеу салдарынан туындаған қоғамдастық тарапынан теріс реакцияны болдырмау мақсатында теңгерімді және негізделген болып табылады.

10.5. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің және атқарушы органының сыйақысы туралы ақпаратты ашу оларды корпоративтік сайтта орналастыру жолымен жүзеге асырылады.


10.6. Директорлар кеңесінің мүшелеріне, әдетте, белгіленген жылдық сыйақы, сондай-ақ Директорлар кеңесіне төрағалық еткені, Директорлар кеңесінің комитеттеріне қатысқаны және төрағалық еткені үшін қосымша сыйақы төленеді.

Бұл ретте мемлекеттік қызметшілер болып табылатын Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төленбейді.

10.7. Қоғамның Жалғыз акционері Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесіне (-леріне) сыйақы мен шығыстардың өтемақысын төлеу мөлшері мен шарттарын белгілейді. Бұл ретте, директорларға сыйақы беру шарттары олармен жасалатын шарттарда және қажет болған жағдайда Қоғамның ішкі құжатында көрсетіледі.

11. Директорлар кеңесі жанындағы комитеттер

11.1. Директорлар кеңестерінің жанынан комитеттер құрылады, олардың құзыретіне аудит, стратегиялық жоспарлау, кадрлар мен сыйақылар жөніндегі мәселелерді, сондай-ақ Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген өзге де мәселелерді қарасу кіреді. Операциялары технологиялық апаттар қаупімен байланысты ұйымдарда қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау комитеттері

	ИНТЕГРИРОВАННАЯ СИСТЕМА МЕНЕДЖМЕНТА КОДЕКС КОРПОРАТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «ШЫҒЫС ЖЫЛУ»	
ККУ 18-01		
Редакция № 3	Дата выпуска: 22.10.2024	Лист 78 из 107

құрылады. Инвестициялық шешімдер қабылдаудың тиімділігін арттыру мақсатында Директорлар кеңесі жанындағы комитеттердің бірінің құзыретіне ұйымның инвестициялық қызметіне байланысты мәселелер енгізіледі, оларды қарау Директорлар кеңесінің құзыретіне кіреді. Комитеттің сандық құрамы кемінде 3 (үш) адамды құрайды.

11.2. Комитеттердің болуы Директорлар кеңесінің мүшелерін Директорлар кеңесінің құзыреті аясында қабылданған шешімдер үшін жауапкершіліктен босатпайды.

11.3. Комитеттер Директорлар кеңесінің отырысында қаралғанға дейін неғұрлым маңызды мәселелер шеңбері бойынша егжей-тегжейлі талдау жүргізу және ұсынымдар әзірлеу үшін құрылады. Комитеттер қарайтын мәселелер бойынша түпкілікті шешімді Директорлар кеңесі қабылдайды.

11.4. Барлық комитеттердің қызметі Директорлар кеңесі бекітетін, комитет мүшелерінің құрамы, құзыреті, сайлау тәртібі, комитеттердің жұмыс тәртібі, сондай-ақ олардың мүшелерінің құқықтары мен міндеттері туралы ережелерді қамтитын ішкі құжаттармен реттеледі. Жалғыз акционер комитеттер туралы ережелермен таныса алады.

11.5. Комитет немесе Директорлар кеңесі арқылы Комитеттің жұмысын ұйымдастыруға Корпоративтік хатшы көмек көрсетеді. Корпоративтік хатшы комитет отырыстарын дайындауды, отырыстарға материалдарды жинауды және жүйелеуді, комитет мүшелеріне және шақырылған адамдарға комитет отырыстарын өткізу туралы хабарламаларды, отырыстардың күн тәртібін, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарды уақтылы жіберуді, отырыстарды хаттамалауды, комитет шешімдерінің жобаларын дайындауды, сондай-ақ барлық тиісті материалдарды кейіннен сақтауды қамтамасыз етеді.


11.6. Директорлар кеңесі комитеттер құру туралы шешім қабылдайды, комитеттердің құрамын, мерзімдері мен өкілеттіктерін айқындайды.

11.7. Комитеттер комитетте жұмыс істеу үшін кәсіби білімі, құзыреті және дағдылары бар Директорлар кеңесінің мүшелерінен тұрады. Комитеттер құрамын қалыптастыру кезінде ықтимал мүдделер қақтығысының болуы назарға алынады. Комитет төрағалары кәсіби құзыреттерімен қатар ұйымдастырушылық және көшбасшылық қасиеттерге, комитет қызметін тиімді ұйымдастыру үшін жақсы коммуникативтік дағдыларға ие болып табылады.

Комитет отырыстарында шешімдерді комитет мүшелері қабылдайды.

Комитеттер, қажет болған жағдайда, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша сараптамалық кеңес беру үшін тәуелсіз сарапшылар мен кеңес берушілерді тартады.

11.8. Комитеттер өз жұмыс жоспарын (күнтізбелік жыл басталғанға дейін) бекітеді, ол қаралатын мәселелердің тізбесін және отырыстарды өткізу күндерін көрсете отырып, Директорлар кеңесінің жұмыс жоспарымен келісіледі. Комитеттердің отырыстарын өткізу кезеңділігі жылына кемінде төрт отырысты

	ИНТЕГРИРОВАННАЯ СИСТЕМА МЕНЕДЖМЕНТА	
	КОДЕКС КОРПОРАТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «ШЫҒЫС ЖЫЛУ»	
ККУ 18-01	Дата выпуска: 22.10.2024	Лист 79 из 107
Редакция № 3		

құрайды. Комитеттердің отырыстары хаттаманы ресімдей отырып, күндізгі нысанда өткізіледі. Комитеттердің отырыстарын өткізуге қолайлы жағдайлар жасау және шығындарды қысқарту мақсатында комитет мүшелерінің техникалық байланыс құралдары арқылы қатысуына жол беріледі.

11.9. Комитет төрағалары өз қызметі туралы есеп дайындайды және жеке отырыста Директорлар кеңесінің алдында бір жылдағы қызмет қорытындылары туралы есеп береді. Директорлар кеңесі жыл ішінде кез келген уақытта комитеттерден ағымдағы қызмет туралы есепті Директорлар Кеңесі белгілеген мерзімдерде ұсынуды талап етуге құқылы.

12. Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму комитеті

12.1. Дұрыс және тәуелсіз шешімдерді әзірлеу және мүдделер қақтығысының туындау қауіпі бар кез келген мүдделі тараптардың (акционерлер өкілдерінің, атқарушы орган басшысының, қызметкерлердің және өзге тұлғалардың) стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет мүшелерінің пайымдауларына ықпалын болдырмау мақсатында стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитет құрамындағы мүшелердің басым көпшілігін тәуелсіз директорлар құрайды. Комитеттің төрағасы ретінде тәуелсіз директорды сайлау ұсынылады.


12.2. Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму комитеті өз қызметін тиісінше ұйымдастыру үшін тиісті тәжірибесі мен құзыреті бар сарапшыларды тартуға құқылы.

12.3. Стратегиялық жоспарлау және корпоративтік даму комитетінің функциялары Қоғамның Директорлар кеңесіне даму жоспарын/іс-шаралар жоспарын әзірлеу және өзектендіру жөніндегі мәселелерді қоса алғанда, Қоғам қызметінің басым бағыттарын және оны дамыту стратегиясын әзірлеу мәселелері бойынша ұсынымдарды әзірлеу және ұсыну және оның орындалуына мониторинг жүргізу, даму жоспарында және/немесе іс-шаралар жоспарында белгіленетін ҚЭЖ қою және оған мониторинг жүргізу және негізгі тәуекелдерді сәйкестендіру, сондай-ақ, Қоғам қызметінің тиімділігін арттыруға, оның ұзақ мерзімді құны және тұрақты дамуына ықпал ететін басқа іс-шаралар болып табылады.

13. Аудит және тәуекелдерді басқару комитеті

13.1. Дұрыс және тәуелсіз шешімдерді әзірлеу және мүдделер қақтығысының туындау қауіпі бар кез келген мүдделі тараптардың (акционерлер өкілдерінің, атқарушы орган басшысының, қызметкерлердің және өзге тұлғалардың) комитет мүшелерінің пайымдауларына ықпалын болдырмау мақсатында аудит жөніндегі комитеттің құрамына бухгалтерлік есеп және аудит, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау саласындағы білімі мен тәжірибесі бар тәуелсіз директорлар ғана кіреді.

Комитеттің аудит және тәуекелдерді басқару жөніндегі қызметтеріне ішкі және сыртқы аудит, қаржылық есептілік, тәуекелдерді ішкі бақылау және басқару,

	ИНТЕГРИРОВАННАЯ СИСТЕМА МЕНЕДЖМЕНТА	
	КОДЕКС КОРПОРАТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «ШЫҒЫС ЖЫЛУ»	
ККУ 18-01	Дата выпуска: 22.10.2024	Лист 80 из 107
Редакция № 3		

Қазақстан Республикасының заңнамасын, ішкі құжаттарды сақтау мәселелері және Директорлар кеңесінің тапсырмасы бойынша өзге де мәселелер кіреді.

13.2. Аудит жөніндегі комитет Қоғамның жылдық қаржылық есептілігіне (шоғырландырылған және/немесе шоғырландырылмаған) аудит жүргізу үшін аудиторлық ұйымды таңдау бойынша Директорлар кеңесіне ұсынымдар дайындайды, сондай-ақ, аудиторлық ұйымды Директорлар кеңесіне және акционерлердің жалпы жиналысына ұсынар алдында аудиторлық есепті алдын ала талдайды.

14. Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитет

14.1. Дұрыс және тәуелсіз шешімдерді әзірлеу және мүдделер қақтығысының туындау қауіпі бар бар кез келген мүдделі тараптардың бар кез келген мүдделі тұлғалардың (акционерлер өкілдерінің, атқарушы орган басшысының, қызметкерлердің және өзге тұлғалардың) комитет мүшелерінің пайымдауларына ықпалын болдырмау мақсатында тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет құрамындағы мүшелердің басым көпшілігін тәуелсіз директорлар құрайды.

14.2. Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитет мүшелерінің кем дегенде біреуінің персоналды басқару және оның қызметін бағалау, сондай-ақ, корпоративтік басқару саласында білімі мен тәжірибесі болуы тиіс. Комитеттің төрағасы тәуелсіз директор болып табылады.


14.3. Комитеттің қызметтері құрамына тағайындау (сайлау), уәждемелік ҚНҚ қою, атқарушы органның қызметін бағалау, сыйақы беру және сабақтастығын жоспарлау мәселелері, корпоративтік хатшыны тағайындау және сыйақы беру мәселелері, сондай-ақ Жалғыз акционер осындай өкілеттіктерді берген жағдайларда Директорлар кеңесінің құрамына қатысты көрсетілген мәселелерді қарауға қатысу жатады. Бұл жағдайда, Кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитет мүшелерінің мүдделер қақтығысы жағдайының туындауына жол берілмейді және өз мақсатына және/немесе сыйақыға қатысты мәселелерді қарау кезінде қатыспайды.

15. Директорлар кеңесінің қызметін ұйымдастыру

15.1. Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындау және өткізу оның қызметінің нәтижелілігіне ықпал етеді. Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін орындау үшін толық, өзекті және уақтылы ақпаратқа қол жеткізу қамтамасыз етіледі.

15.2. Директорлар кеңесі Қоғамның құжаттарында белгіленген Директорлар кеңесінің отырыстарын дайындау және өткізу жөніндегі рәсімдерді сақтайды.

15.3. Директорлар Кеңесінің отырыстары қаралатын мәселелердің тізбесін және отырыстарды өткізу кестесін қамтитын күнтізбелік жыл басталғанға дейін Директорлар кеңесі бекітетін жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.

	ИНТЕГРИРОВАННАЯ СИСТЕМА МЕНЕДЖМЕНТА	
	КОДЕКС КОРПОРАТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «ШЫҒЫС ЖЫЛУ»	
ККУ 18-01	Дата выпуска: 22.10.2024	Лист 81 из 107
Редакция № 3		

Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің отырыстарын өткізу дауыс берудің іштей немесе сырттай нысандары арқылы жүзеге асырылады. Директорлар кеңесіне сырттай дауыс беру түріндегі отырыстар санын қысқарту ұсынылады.

15.4. Стратегиялық сипаттағы мәселелер бойынша шешімдерді қарау және қабылдау Директорлар кеңесінің отырыстарында ғана дауыс берудің іштей нысанымен жүзеге асырылады.

15.5. Егер Директорлар кеңесінің мүшелерінің (Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының 30%-нан аспайтын) Директорлар кеңесінің отырысына жеке қатысуға мүмкіндігі болмаса, Директорлар кеңесі мен оның комитеттері отырысының екі нысанын үйлестіруге болады.

Директорлар кеңесінің қатыспаған мүшесі техникалық байланыс құралдарын пайдалана отырып, қаралатын мәселелерді талқылауға қатыса алады және өз пікірін жазбаша нысанда бере алады.

15.6. Директорлар кеңесінің отырыстарын өткізу кезеңділігі жылына кемінде алты отырысты құрайды.

15.7. Директорлар кеңесінің отырыстарына арналған материалдар, егер Қоғамның жарғысында өзгеше мерзімдер белгіленбесе, кемінде он күнтізбелік күн бұрын, Қоғамның жарғысында белгіленетін неғұрлым маңызды мәселелер бойынша кемінде он бес жұмыс күні бұрын жіберіледі.

15.8. Маңызды мәселелердің тізбесіне даму жоспарының және/немесе іс-шаралар жоспарының орындалуын бекіту және бағалау, атқарушы органның басшысы мен мүшелері үшін ҚЭК, жылдық есеп және басқа заңды тұлғаларды құруға қатысу мәселелері кіреді.


15.9. Директорлар кеңесі отырысының күн тәртібіне материалдар мерзімдерін бұза отырып ұсынылған мәселелер енгізілмейді. Мерзімдері бұзылған мәселелер күн тәртібіне енгізілген жағдайда, Директорлар Кеңесінің төрағасына осы қажеттіліктің толық негіздемесі беріледі. Мерзімдерді бұза отырып, мәселелерді күн тәртібіне енгізуге байланысты жағдай Қоғамның Корпоративтік хатшысының қызметін бағалау кезінде ескеріледі.

15.10. Директорлар кеңесі толық, шынайы және сапалы ақпарат негізінде шешімдер қабылдайды. Директорлар кеңесінің тиімді және уақтылы шешімдер қабылдауы үшін мынадай шарттардың сақталуы қамтамасыз етіледі:

1) Директорлар кеңесіне ұсынылатын материалдардың, ақпараттың, құжаттардың жоғары сапасы (оның ішінде қажет болған жағдайда Директорлар кеңесі мүшелерінің тілді меңгеруіне байланысты басқа тілдерге аудармасы);

2) қажет болған жағдайда сарапшылардың (ішкі және сыртқы) пікірін алу. Сарапшыларды тарту Директорлар кеңесінен қабылданған шешім үшін жауапкершілікті алып тастамайды;

3) Директорлар кеңесінде талқылауға, әсіресе маңызды және күрделі мәселелер үшін жұмсалатын уақыт;

	ИНТЕГРИРОВАННАЯ СИСТЕМА МЕНЕДЖМЕНТА	
	КОДЕКС КОРПОРАТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «ШЫҒЫС ЖЫЛУ»	
ККУ 18-01	Дата выпуска: 22.10.2024	Лист 82 из 107
Редакция № 3		

4) мәселелерді уақтылы қарау;

5) шешімдерде одан әрі іс-қимыл жоспары, мерзімдері және жауапты тұлғалар көзделеді.

15.11. Директорлар кеңесі шешімдерінің сапасына мынадай факторлар теріс әсер етеді:

1) отырыста бір немесе бірнеше директордың үстемдігі, бұл басқа директорлардың талқылауларына толық қатысуды шектеуі мүмкін;

2) тәуекелдерге ресми көзқарас;

3) жеке мүдделерді қудалау және төмен этикалық стандарттар;

4) Директорлар кеңесінің отырысында нақты және белсенді талқылаусыз ресми шешімдер қабылдау;

5) ымырасыздық ұстанымы (икемділіктің болмауы) немесе дамуға деген ұмтылыстың болмауы (ағымдағы жағдайға қанағаттану);

6) ұйымдастырушылық мәдениеттің төмендігі;

7) ақпараттың және/немесе талдаудың болмауы.

Директорлар кеңесінің мүшелері шешім қабылдау үшін қажетті күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қосымша ақпарат сұрай алады.

15.12. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі өзі кіретін Директорлар кеңесі мен комитеттің отырыстарына қатысады. Директорлар кеңесі туралы ережеде көрсетілген ерекше жағдайларда осы нормадан ауытқуға жол беріледі.


15.13. Директорлар кеңесінің отырысын өткізуге арналған кворум Қоғамның Жарғысымен және қаралатын мәселелерді талқылауға және дауыс беруге техникалық байланыс құралдарын (бейнеконференция сессиясы, телефон конференциясы және т.б. режимде) пайдалана отырып қатысатын Директорлар кеңесінің мүшелерінің кемінде жартысымен немесе олардың жазбаша түрдегі дауыстарымен белгіленеді.

15.14. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысында шешімдер, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғамның Жарғысында өзгеше көзделмесе, отырысқа қатысатын Директорлар кеңесі мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады.

15.15. Қоғамның Директорлар кеңесінің отырысында мәселелерді шешу кезінде Қоғамның Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің дауыс беру құқығын өзге тұлғаға, оның ішінде, Қоғамның Директорлар кеңесінің басқа мүшесіне беруіне рұқсат етілмейді.

15.16. Қоғамның Директорлар кеңесі шешімдер қабылдаған кезде, Директорлар кеңесі мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, шешуші дауыс құқығы Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасына тиесілі болады.

15.17. Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселе бойынша мүдделілігі бар Директорлар кеңесінің мүшесі осы мәселе бойынша талқылауға

	ИНТЕГРИРОВАННАЯ СИСТЕМА МЕНЕДЖМЕНТА	
	КОДЕКС КОРПОРАТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «ШЫҒЫС ЖЫЛУ»	
ККУ 18-01	Дата выпуска: 22.10.2024	Лист 83 из 107
Редакция № 3		

және дауыс беруге қатыспайды, бұл туралы Директорлар кеңесі отырысының хаттамасына тиісті жазба жасалады.

15.18 . Директорлар кеңесі бұрын қабылданған шешімдерге ревизия жүргізе алады. Шешім және оны қабылдау үрдісі талдауға жатады. Бұрын қабылданған шешімдерге ревизия Директорлар кеңесі өз қызметін бағалауды жүргізген кезде жүргізіледі.

16. Директорлар кеңесінің қызметін бағалау


16.1. Қоғамның Директорлар кеңесі бекіткен құрылымдық үрдіс аясында Директорлар кеңесі, Комитеттер және Директорлар кеңесінің мүшелері жыл сайын бағаланады. Бағалау әдістері - өзін-өзі бағалау немесе бағалау сапасын жақсарту үшін тәуелсіз сыртқы кеңесшіні тарту. Директорлар кеңесінің қызметіне тәуелсіз бағалау жүргізу қажеттілігі туралы шешімді Директорлар кеңесінің тағайындау мен сыйақы төлеу жөніндегі комитеттің ұсынымы негізінде Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдайды. Сонымен қатар, бағалау кемінде үш жылда бір рет тәуелсіз кәсіби ұйымды тарта отырып жүргізіледі.

16.2. Директорлар кеңесінің қызметіне бағалау жүргізу Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігін, атқарушы органмен қарым-қатынасын белгілеуге, комитеттер мен Директорлар кеңесі мүшелерінің оның жұмысына тартылуын арттыруға, Директорлар кеңесінің, комитеттердің және корпоративтік хатшының жұмысын жақсартудың басым бағыттарын айқындауға бағытталған.

16.3. Бағалау Директорлар кеңесінің және оның әрбір мүшесінің Қоғамның ұзақ мерзімді құны мен тұрақты дамуына қосқан үлесін анықтауға, сондай-ақ, бағыттарды анықтауға және жақсарту шараларын ұсынуға мүмкіндік береді. Бағалау нәтижелері Директорлар кеңесі мүшелерін қайта сайлау немесе өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату кезінде назарға алынады. Директорлар кеңесінің жекелеген мүшелерінің қызметі нәтижелерінде елеулі кемшіліктер болған жағдайда, Директорлар кеңесінің төрағасы тиісті шешім қабылдау үшін акционерлермен (Жалғыз акционермен) кенесу өткізеді. Бағалау нәтижелері Кеңестің оңтайлы сандық құрамын және Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақы мөлшерін белгілеу кезінде назарға алынады.

16.4. Бағалау Директорлар кеңесінің және оның жеке мүшелерінің кәсібилігін арттырудың негізгі құралдарының бірі болып табылады және Директорлар кеңесінің жаңа және қазіргі мүшелері үшін тиімді және тиісті лауазымға жаңадан ену және оқыту бағдарламаларын әзірлеуге көмектеседі. Бағалау тәуелсіз директорлар үшін де, Жалғыз акционердің өкілдері үшін де, Директорлар кеңесінің құрамына енгізілген жағдайда атқарушы органның басшысы үшін де жүргізіледі.

Бағалау жүйелілік, күрделілік, үздіксіздік, шынайылық, құпиялылық сияқты қағидаттар бойынша жүзеге асырылады.

	ИНТЕГРИРОВАННАЯ СИСТЕМА МЕНЕДЖМЕНТА	
ККУ 18-01	КОДЕКС КОРПОРАТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «ШЫҒЫС ЖЫЛУ»	
Редакция № 3	Дата выпуска: 22.10.2024	Лист 84 из 107

Директорлар Кеңесінің, оның комитеттері мен Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметіне бағалау жүргізу үрдіс, мерзімдері мен тәртібі Қоғамның ішкі құжаттарымен реттеледі.

16.5. Бағалау мынадай мәселелерді қарастырады:

1) Қоғам алдында тұрған міндеттер аясында Директорлар кеңесі құрамының онтайлылығы (дағдылар, тәжірибе теңгерімі, құрамның әртүрлілігі, объективтілік);

2) Қоғамның көзқарасы, стратегиялық мәселелері (даму жоспары/іс-шаралар жоспары) негізгі міндеттері, көкейкесті мәселелері мен құндылықтарының айқындығы;

3) Директорлар кеңесінің сабақтастығы және дамуын жоспарлау;

4) Директорлар кеңесінің бірыңғай орган ретінде жұмыс істеуі, Директорлар кеңесінің және Қоғамның атқарушы органының Қоғам қызметіндегі рөлі;

5) Директорлар кеңесінің Жалғыз акционермен, атқарушы органмен және Қоғамның лауазымды адамдарымен өзара іс-қимылының тиімділігі;

6) Директорлар кеңесі мүшелерінің әрқайсысының тиімділігі;

7) Директорлар кеңесі комитеттері қызметінің тиімділігі және олардың директорлар Кеңесімен, атқарушы органмен өзара іс-қимылы;

8) Директорлар кеңесіне ұсынылатын ақпарат пен құжаттардың сапасы;

9) Директорлар кеңесінде, комитеттерде талқылау сапасы;

10) Корпоративтік хатшы қызметінің тиімділігі;

11) үрдістердің мен құзыреттердің айқындығы;

12) тәуекелдерді анықтау және бағалау үрдісі;

13) Жалғыз акционермен және өзге мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау.

16.6. Директорлар кеңесі жыл сайынғы жылдық есепте Директорлар кеңесіне бағалау жүргізу тәсілін және оның нәтижелері бойынша қабылданған шараларды көрсетеді.

16.7. Жалғыз акционер Директорлар кеңесін өз бетінше немесе тәуелсіз кеңесшінің қатысуымен бағалай алады. Жалғыз акционер жүргізетін бағалау кезінде Директорлар кеңесі жүргізген бағалау нәтижелері, Қоғам қызметінің нәтижелері, ҚНҚ орындалуы ескеріледі.

17. Қоғамның корпоративтік хатшысы

17.1. Директорлар кеңесінің қызметін және атқарушы органның Жалғыз акционермен өзара іс-қимылын тиімді ұйымдастыру мақсатында Директорлар кеңесі корпоративтік хатшыны тағайындайды.

17.2. Директорлар кеңесі корпоративтік хатшыны тағайындау туралы шешім қабылдайды, оның өкілеттік мерзімін, қызметінің функциялары мен тәртібін, лауазымдық еңбекақысының мөлшерін және сыйақы шарттарын, корпоративтік хатшының қызметін (хатшылығын) құру туралы шешім қабылдайды және

	ИНТЕГРИРОВАННАЯ СИСТЕМА МЕНЕДЖМЕНТА	
ККУ 18-01	КОДЕКС КОРПОРАТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «ШЫҒЫС ЖЫЛУ»	
Редакция № 3	Дата выпуска: 22.10.2024	Лист 85 из 107

көрсетілген қызметтің бюджетін белгілейді. Корпоративтік хатшы Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп береді және Қоғамның атқарушы органынан тәуелсіз болады.

17.3. Корпоративтік хатшының негізгі міндеттеріне мыналар жатады:

1) Директорлар кеңесі, Жалғыз акционер тарапынан корпоративтік шешімдерді уақтылы және сапалы қабылдауға жәрдемдесу;

2) Директорлар кеңесінің мүшелеріне корпоративтік басқару және Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қоғамның Жарғысын және осы Кодекстің ережелерін қолдану жөніндегі барлық мәселелер бойынша кеңесші рөлін орындау;

3) акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесі қабылдаған корпоративтік шешімдердің уақтылы орындалуын бақылау;

4) Директорлар кеңесі мен акционерлердің жалпы жиналысы қызметінің корпоративтік шешімдерінің, материалдары мен нәтижелерінің мұрағатын жүргізу;

5) акционерлердің жалпы жиналысын шақыру және өткізуге дайындық мәселелері бойынша акционерлермен өзара іс-қимыл жасау;

6) атқарушы органның және басқа негізгі қызметкерлердің тарапынан акционерлердің жалпы жиналысы мен Директорлар кеңесінің шешімдерінің орындалуына мониторинг жүргізу, Директорлар кеңесін аталған орындау/орындамау нәтижелері жөнінде хабардар ету;

7) осы Кодекстің ережелері және оларды қолдануға қатысты түсініктемелер беру және осы Кодекстің іске асырылуына мониторинг жүргізу;

8) Қоғамның корпоративтік басқаруын жетілдіруге қатысу.


17.4. Корпоративтік хатшы сондай-ақ Қоғамның жылдық есебінің құрамына енгізілетін осы Кодекстің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы туралы есепті дайындауды жүзеге асырады. Осы есепте тиісті түсініктемелер келтіріле отырып, Кодекстің орындалмайтын қағидаттары мен ережелерінің тізбесі көрсетіледі.

17.5. Корпоративтік хатшыға өзге міндеттерді жүктеу корпоративтік хатшының ағымдағы жүктемесін ескере отырып, жүзеге асырылуы тиіс. Жаңа міндеттерді жүктеу осы Кодексте және Қоғамның ішкі құжаттарында сипатталған орындалатын қызметтердің сапасына теріс әсерін тигізбеуі қажет. Жаңа қызметтер басқа құрылымдық бөлімшелер мен лауазымды тұлғалардың қызметтерін қайталамауы тиіс. Қайталанған жағдайда оны азайту үшін жүктелген қызметтерді қайта қарастыру қажет.

17.6. Директорлар кеңесінің қызметін қамтамасыз ету бойынша Корпоративтік хатшының негізгі қызметтері, оның ішінде:

1) Директорлар кеңесінің төрағасына жұмыс жоспарын және отырыстардың күн тәртібін дайындауда көмек көрсету;

2) Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің отырыстарын өткізуді ұйымдастыру;

	ИНТЕГРИРОВАННАЯ СИСТЕМА МЕНЕДЖМЕНТА	
	КОДЕКС КОРПОРАТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «ШЫҒЫС ЖЫЛУ»	
ККУ 18-01	Дата выпуска: 22.10.2024	Лист 86 из 107
Редакция № 3		

3) Директорлар кеңесі мүшелерінің күн тәртібі мәселелері бойынша және Директорлар кеңесінің құзыреті аясында шешімдер қабылдау үшін жеткілікті өзекті және уақтылы ақпарат алуын қамтамасыз ету;

4) Директорлар кеңесі мен комитеттердің отырыстарын хаттамалау, Директорлар кеңесі мен комитеттер отырыстарының хаттамаларын, стенограммаларын, аудио-бейне жазбаларын, материалдарын сақтауды қамтамасыз ету;

5) Директорлар кеңесінің мүшелеріне Қазақстан Республикасының заңнамасы, Қоғам Жарғысы, осы Кодекс, ішкі құжаттар мәселелері бойынша кеңес беру, туындаған өзгерістерге мониторинг жүргізу және Директорлар кеңесінің мүшелерін уақтылы хабардар ету;

6) Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерін жаңа лауазымға енгізілуін ұйымдастыру;

7) Директорлар кеңесінің мүшелерін оқытуды және сарапшыларды тартуды ұйымдастыру;

8) Директорлар кеңесі мүшелерінің Жалғыз акционермен, атқарушы органмен өзара іс-қимылын ұйымдастыру.

17.7. Жалғыз акционермен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету бойынша:

1) тиісті шешімдер қабылдау үшін Жалғыз акционердің қарастыруына шығарылатын мәселелер бойынша материалдарды уақтылы жіберу;

2) Жалғыз акционердің шешімдерін, отырыс материалдарын, қабылданған шешімдерін сақтауды қамтамасыз ету;

3) Жалғыз акционердің сұрау хаттарына уақтылы негізде ақпараттың берілуін бақылай отырып, Қоғамның Жалғыз акционермен тиісінше өзара іс-қимылын қамтамасыз ету.

17.8. Корпоративтік басқарудың тиісті тәжірибесін енгізу бойынша:

1) осы Кодекстің қағидаттары мен ережелерін іске асыруға және сақтауға мониторинг жүргізу;


2) осы Кодекстің қағидаттары мен ережелерінің сақталуы туралы есепті дайындау;

3) өз қызметтерін орындау аясында заңнамада, Жарғыда және Қоғамның басқа құжаттарында бекітілген корпоративтік басқару нормалары бойынша бұзушылықтарды анықтау;

4) Жалғыз акционерге, Қоғамның лауазымды тұлғаларына, қызметкерлеріне корпоративтік басқару мәселелері бойынша кеңес беру;

5) корпоративтік басқару саласындағы үздік әлемдік тәжірибеге мониторинг жүргізу және Қоғамда корпоративтік басқару тәжірибесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу.

17.9. Ұйым органдары арасында тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету және ақпарат беру мақсатында корпоративтік хатшы жемісті қарым-қатынас құра білу және келіспеушілік жағдайларын шеше алу дағдыларына ие болуы тиіс.

	ИНТЕГРИРОВАННАЯ СИСТЕМА МЕНЕДЖМЕНТА	
	КОДЕКС КОРПОРАТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «ШЫҒЫС ЖЫЛУ»	
ККУ 18-01	Дата выпуска: 22.10.2024	Лист 87 из 107

Мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда корпоративтік хатшы бұл ақпаратты Директорлар кеңесі төрағасының назарына жеткізеді.

17.10. Өз міндеттерін орындау үшін корпоративтік хатшының білімі, тәжірибесі мен біліктілігі, адал іскерлік беделі болуы тиіс. Корпоративтік хатшының қызметі Қоғам қызметінің ауқымына байланысты құрылады.

17.11. Корпоративтік хатшы лауазымына жоғары заң немесе экономикалық білімі, кемінде бес жылдық жұмыс тәжірибесі және корпоративтік басқару және корпоративтік құқық саласында тәжірибелік білімі бар тұлға тағайындалады.

17.12. Отырыстарды дайындау мен өткізудің тиімділігін арттыру мақсатында Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің мүшелеріне ұсынылған материалдардың толықтығы мен пайдалылығын мерзімді түрде талқылайды. Осы талқылаулардың нәтижелері Корпоративтік хатшы қызметінің тиімділігін бағалау үшін негіз болады.

17.13. Корпоративтік хатшыға қатысты Қоғамда лауазымға енгізу және сабақтастықты жоспарлау бағдарламасы әзірленуде. Корпоративтік хатшыны тағайындау Қоғамның ішкі құжаттарында бекітілген ашық рәсімдер негізінде жүзеге асырылады.

17.14. Корпоративтік хатшы өз қызметін Директорлар кеңесі бекітетін ереже негізінде жүзеге асырады, онда оның қызметтері, құқықтары мен міндеттері, Қоғам органдарымен өзара іс-қимыл тәртібі, біліктілік талаптары және басқа ақпарат көрсетіледі.

17.15. Қоғамның атқарушы органы Корпоративтік хатшыға өз өкілеттіктерін орындау кезінде жан-жақты жәрдем көрсетеді.

18. Атқарушы орган


18.1. Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты атқарушы орган (Бас директор) жүзеге асырады.

18.2. Бас директор жоғары кәсіби және жеке қасиеттерге, адал іскерлік беделге ие болып табылады және этикалық стандарттарды ұстанады.

18.3. Бас директордың ұйымдастырушылық қабілеті бар, сонымен қатар, ол Жалғыз акционермен белсенді қарым-қатынаста жұмыс істейді және онымен, Директорлар кеңесімен, қызметкерлермен және басқа да мүдделі тараптармен сындарлы сұхбат құрады.

18.4. Бас директор Директорлар кеңесіне есеп береді және Қоғамның күнделікті қызметіне басшылықты жүзеге асырады, даму жоспарын және/немесе іс-шаралар жоспарын және Директорлар кеңесі мен Жалғыз акционер қабылдаған шешімдерді іске асыруға жауапты болады.

18.5. Директорлар кеңесі Бас директорды сайлайды, өкілеттік мерзімін, лауазымдық жалақысының мөлшерін, еңбекақы төлеу шарттарын айқындайды. Бас директор лауазымына үміткерлерді іздеу және іріктеу үрдісінде, оның сыйақысын анықтауда Қоғамның Директорлар кеңесінің кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитеті шешуші рөл атқарады.

	ИНТЕГРИРОВАННАЯ СИСТЕМА МЕНЕДЖМЕНТА	
ККУ 18-01	КОДЕКС КОРПОРАТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «ШЫҒЫС ЖЫЛУ»	
Редакция № 3	Дата выпуска: 22.10.2024	Лист 88 из 107

18.6. Директорлар кеңесі кез келген уақытта Бас директордың өкілеттігін тоқтата алады.

18.7. Бас директорды тағайындау және сыйақы беру үрдістерінің ашықтығын арттыру үшін Директорлар кеңесі Қоғамның Бас директорының тағайындаулары, сыйақылары, бағалануы және сабақтастығы жөніндегі қағидаларды бекітеді және қатаң сақтайды.

18.8. Бас директор Директорлар кеңесінің басшылығымен Қоғамның даму жоспарын және/немесе іс-шаралар жоспарын әзірлейді.

18.9. Бас директор төмендегі іс-әрекеттердің орындалуын қамтамасыз етеді:

1) Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қоғамның Жарғысы мен ішкі құжаттарының нормаларына, Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің шешімдеріне сәйкес қызметті жүзеге асыру;

2) тәуекелдерді дұрыс басқару және ішкі бақылау;

3) Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің шешімдерін іске асыру үшін ресурстар бөлу;

4) Қоғам қызметкерлерінің еңбек қауіпсіздігі;

5) Қоғам қызметкерлерінің қызығушылығы мен адалдығы ортасын құру, корпоративтік мәдениетті дамыту.


18.10. Директорлар кеңесі Қоғамның Бас директорының қызметіне бақылауды жүзеге асырады. Бақылау Бас директордың Директорлар кеңесіне тұрақты есеп беруі және Бас директордың орта мерзімді іс-шаралар жоспарларын орындау және қол жеткізілген нәтижелер мәселелері бойынша жылына кемінде бір рет тыңдау арқылы жүзеге асырылады.

18.11. Атқарушы орган бетпе-бет отырыстар өткізеді және даму жоспарын және/немесе іс-шаралар жоспарын, Жалғыз акционердің, Директорлар кеңесінің және операциялық қызметтің шешімдерін іске асыру мәселелерін талқылайды. Сырттай отырыстар өткізу жағдайлары шектеулі және Қоғамның Жарғысында және ішкі құжаттарында белгіленген.

18.12. Атқарушы орган күнтізбелік жылдың басына дейінгі мәселелер тізбесін көрсете отырып, алдағы жылға арналған жұмыс жоспарын дайындайды. Атқарушы органның мүшелері қарастыруға жататын тиісті сапалы материалдармен алдын ала қамтамасыз етіледі. Даму жоспары және/немесе іс-шаралар жоспары, инвестициялық жобалар, тәуекелдерді басқару сияқты мәселелерді қарастыру кезінде бірнеше отырыстар өткізуге рұқсат етіледі.

18.13. Әрбір мәселені қарастыру кезінде шешім қабылдауға/қабылдамауға және олардың Қоғамның құны мен тұрақты дамуына тигізетін әсеріне қатысты тәуекелдерге жеке талқылау жүргізіледі.

18.14. Бас директор мүдделер қақтығысы жағдайының туындауына жол бермейді. Мүдделер қақтығысы туындаған кезде олар бұл туралы Директорлар кеңесіне алдын ала хабарлайды. Атқарушы орган мүшелері тарапынан Іскерлік

	ИНТЕГРИРОВАННАЯ СИСТЕМА МЕНЕДЖМЕНТА	
	КОДЕКС КОРПОРАТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «ШЫҒЫС ЖЫЛУ»	
ККУ 18-01	Дата выпуска: 22.10.2024	Лист 89 из 107

әдеп кодексінің нормаларын бұзу жағдайлары жөнінде атқарушы органның басшысы Директорлар кеңесінің назарына жеткізеді.

18.15. Бас директор басқа ұйымдарда тек Директорлар кеңесінің мақұлдауымен қызмет атқара алады. Бас директор атқарушы органның басшысы немесе атқарушы органның қызметтерін жеке-дара жүзеге асыратын тұлғаның және басқа заңды тұлғаның лауазымдарын атқармайды.

18.16. Бас директор Қоғамның оңтайлы ұйымдық құрылымын құруды қамтамасыз етеді. Ұйымдастырушылық құрылым мыналарға бағытталған:

- 1) шешім қабылдау тиімділігі;
- 2) Қоғамның өнімділігін арттыру;
- 3) шешімдер қабылдаудың жеделдігі;
- 4) ұйымдастырушылық икемділік.

18.17. Қоғамның бос лауазымдарына кандидаттарды іріктеу ашық конкурстық рәсімдер негізінде жүзеге асырылады. Қоғам қызметкерлерін мансаптық ілгерілету, материалдық ынталандыру білім деңгейін, құзыреттерін, жұмыс тәжірибесін және қойылған міндеттерге қол жеткізуді ескере отырып, меритократия қағидаттарына сәйкес жүзеге асырылады. Қоғамда кадр резерві қызметкерлерінің тобы қалыптасады, кейін осы топтың қатарынан орта және жоғары менеджменттің басшы лауазымдарына тағайындаулар жүргізілуі мүмкін. Қызметкерлер жыл сайынғы негізде бағалаудан өтеді.

18.18. Кадрларды іріктеу рәсімдері мынадай талаптар бойынша іске асырылады:

1) бәсекелестікті арттыруға және кәсіпқойлық пен құзыреттілік талаптарына жауап беретін лайықты үміткерлерді іріктеуге ықпал ететін мүмкіндіктер теңдігі қағидатын қамтамасыз ете отырып, адамдардың кең ауқымы үшін лауазымдарға орналасу үшін ашықтықтың болуы және шектеулердің болмауы;


2) кадрларды бейтарап түрде іріктеу және протекционизмнің, патронаждық қабылдау жүйесінің толық болмауы (адалдық, этникалық, туыстық байланыс және жеке достық қағидаты бойынша);

3) шешім шығару кезінде субъективтілік жағдайлары қоспағанда, құқықтық регламенттеу, оның ішінде үміткерлерді бағалау қағидаттары мен өлшемшарттарын бекіту.

18.19. Қоғамда атқарушы органның сабақтастығын жоспарлау қамтамасыз етіледі. Атқарушы орган мүшелерін қайта сайлаудың тетігі мен мерзімдері ҚЭЖ орындалмаған жағдайда, лауазымнан мерзімінен бұрын босату мүмкіндігін көздей отырып, оларды ұзақ мерзімді нәтижелерге қол жеткізуге ынталандыруға тиіс.

19. Атқарушы органды (Бас директорды) бағалау және сыйақы беру

19.1. Бас директорды Директорлар кеңесі бағалайды. Бағалаудың негізгі өлшемшарты қойылған уәждемелік КПЭ-ге қол жеткізу болып табылады.

	ИНТЕГРИРОВАННАЯ СИСТЕМА МЕНЕДЖМЕНТА	
	КОДЕКС КОРПОРАТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «ШЫҒЫС ЖЫЛУ»	
ККУ 18-01	Дата выпуска: 22.10.2024	Лист 90 из 107
Редакция № 3		

Атқарушы орган басшысының және мүшелерінің уәждемелік КПЭ-ні Қоғамның Директорлар кеңесі бекітеді. Атқарушы орган мүшелерінің уәждемелік КПЭ бойынша ұсыныстарды атқарушы органның басшысы Директорлар кеңесінің қарастыруына енгізеді.

19.2. Бағалау нәтижелері сыйақы мөлшеріне, көтермелеуге, қайта сайлауға (тағайындауға) немесе өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға әсер етеді.

20. Тұрақты даму қағидаты

20.1. Қоғам өзінің экономикаға, экологияға және қоғамға ықпалының маңыздылығын түсінеді, ұзақ мерзімді құнның өсуіне ұмтыла отырып, мүдделі тараптардың мүдделерінің тепе-теңдігін сақтай отырып, ұзақ мерзімді кезеңде өзінің тұрақты дамуын қамтамасыз етеді. Мүдделі тараптармен жауапты, ойластырылған және ұтымды өзара іс-қимыл жасау тәсілі Қоғамның тұрақты дамуына ықпал ететін болады.

20.2. Қоғамның тұрақты даму саласындағы қызметі ашықтық, есептілік, мөлдірлік, әдептілік мінез-құлық, мүдделі тараптардың мүдделерін құрметтеу, заңдылық, адам құқықтарын сақтау, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік, мүдделер қақтығысына жол бермеу қағидаттарына сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

20.3. Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік тұрақты даму қағидаттарының бірі болып табылады.


20.4. Сыбайлас жемқорлық Қоғамның акционерлер, инвесторлар, өзге мүдделі тараптар және жалпы қоғам үшін жасайтын жалпы құнды бұзады; Қоғам сыбайлас жемқорлықтың оның кез келген көріністеріне қарсы төзбеушілік жариялайды. Сыбайлас жемқорлық істеріне тартылған лауазымды адамдар мен қызметкерлер заңдарда көзделген тәртіппен жұмыстан шығарылуға және жауапқа тартылуға жатады; Қоғамдағы ішкі бақылау жүйелері, оның ішінде, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарына жол бермеуге, олардың алдын алуға және анықтауға бағытталған шараларды қамтуға тиіс; Қоғам сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте мүдделі тараптардың хабардарлығын арттыру үшін олармен жүргізілетін сұхбатты дамытуы керек.

20.5. Тұрақты даму саласындағы қызмет үздік халықаралық стандарттарға сәйкес келеді.

20.6. Қоғам өз қызметін жүзеге асыру барысында мүдделі тараптарға өз ықпалын тигізеді немесе олардың өзіне тигізген әсерін сезінеді.

Мүдделі тараптар Қоғам қызметіне оң және теріс әсер етуі мүмкін, атап айтқанда Қоғам құнының өсуі, тұрақты дамуы, беделі мен имиджі, тәуекелдерді құруына немесе азайтуына ықпал етеді. Қоғам мүдделі тараптармен тиісті қарым-қатынас жүргізуге үлкен мән береді.

20.7. Қоғам мүдделі тараптарды анықтауда және олармен өзара әрекеттесуде мүдделі тараптарды анықтау және өзара әрекеттесу халықаралық стандарттарын қолданады, мысалы АА 1000 Есеп беру қағидаттарының стандарты (2008)

	ИНТЕГРИРОВАННАЯ СИСТЕМА МЕНЕДЖМЕНТА	
	КОДЕКС КОРПОРАТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «ШЫҒЫС ЖЫЛУ»	
ККУ 18-01	Дата выпуска: 22.10.2024	Лист 91 из 107
Редакция № 3		

(AA1000 Accountability Principles Standard (2008), AA1000 Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу стандарты (2015) (AA1000 Stakeholder Engagement Standard (2015), ISO 26000 Әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі нұсқаулық (ISO 26000 Guidance on Social Responsibility), Жаһандық есеп беру бастамасының стандарттары (Global Reporting Initiative standards).

Қоғам мүдделі тараптармен сұхбат жүргізу мен ұзақ мерзімді ынтымақтастық құруды жолға қою жөнінде шаралар қабылдайды.

20.8. Қоғам тәуекелдерді ескере отырып және тәуелділікті (тікелей немесе жанама), міндеттемелерді, жағдайды (жоғары тәуекел аймақтарына ерекше назар аударып отырып), ықпалды, әртүрлі (әралуан) перспективаларды ескере отырып, мүдделі тараптардың картасын жасайды.

20.9. Қоғам ұзақ мерзімді кезеңдегі тұрақты даму үшін өзінің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мақсаттарының дәйектілігін қамтамасыз етеді. Қоғамдағы тұрақты даму үш компоненттен тұрады: экономикалық, экологиялық және әлеуметтік.

20.10. Экономикалық компонент Қоғамның қызметін ұзақ мерзімді құнның өсуіне, Жалғыз акционердің мүдделерін қамтамасыз етуге, үрдістердің тиімділігін арттыруға, неғұрлым жетілдірілген технологияларды құру мен дамытудағы инвестициялардың өсуіне, еңбек өнімділігін арттыруға бағыттайды.

20.11. Экологиялық компонент биологиялық және физикалық табиғи жүйелерге әсерді барынша азайтуды, шектеулі ресурстарды оңтайлы пайдалануды, экологиялық, энергия және материал үнемдейтін технологияларды қолдануды, экологиялық қолайлы өнім құруды, қалдықтарды барынша азайтуды, қайта өңдеуді және жоюды қамтамасыз етеді.

20.12. Әлеуметтік компонент әлеуметтік жауапкершілік қағидаттарына бағытталған, олар басқалармен қатар еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету және жұмысшылардың денсаулығын сақтау, қызметкерлердің құқықтарын әділ марапаттау және құрметтеу, персоналдың жеке дамуы, персоналға арналған әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру, жаңа жұмыс орындарын құру, демеушілік және қайырымдылық, экологиялық және білім беру акцияларын өткізуді қамтиды.

20.13. Қоғам өз қызметі мен тәуекелдеріне осы үш аспект бойынша талдау жүргізеді, сондай-ақ, өз қызметі нәтижелерінің мүдделі тараптарға теріс әсерін болдырмауға немесе азайтуға тырысады.

20.14. Қоғамда тұрақты даму саласындағы басқару жүйесі құрылады, оған мынадай элементтер кіреді:

1) Директорлар кеңесі, атқарушы орган және қызметкерлер деңгейінде Қазақстан Республикасында Біріккен Ұлттар Ұйымының орнықты даму қағидаттарын ұстану және орнықты даму мақсаттарын алға қою;

2) Қоғамның лауазымды тұлғаларының тұрақты даму қағидаттарын іске асыруға қатысуы;

	ИНТЕГРИРОВАННАЯ СИСТЕМА МЕНЕДЖМЕНТА	
	КОДЕКС КОРПОРАТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «ШЫҒЫС ЖЫЛУ»	
ККУ 18-01	Дата выпуска: 22.10.2024	Лист 92 из 107
Редакция № 3		

2) үш құрамдас бөлік бойынша ішкі және сыртқы ахуалды талдау (экономика, экология, әлеуметтік мәселелер);

3) әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салалардағы орнықты даму саласындағы тәуекелдерді айқындау;

4) басқарудың тұрақтылығын жеткізу тізбегі арқылы қамтамасыз ету;

5) әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салалардағы тұрақты даму тәуекелдерін айқындау;

6) мүдделі тараптардың картасын құру;

7) мемлекет және Қоғам арасындағы өзара іс-қимылдың бағыттары мен форматтарын айқындау;

8) тұрақты даму саласындағы мақсаттар мен ҚЭК айқындау, іс-шаралар жоспарын әзірлеу және жауапты тұлғаларды белгілеу;

9) атқарушы орган мүшелерін және Қоғамның басқа қызметкерлерін Қоғам қызметіне тұрақты даму қағидаттарын, оның ішінде, сыйақының орнықты даму саласындағы нәтижелермен байланысын енгізуге ынталандыру;

10) тұрақты дамудың түйінді үрдістеріне тәуекелдерді басқару, жоспарлау, адам ресурстарын басқару, инвестициялар, есептілік, операциялық қызмет, сондай-ақ, даму жоспары мен шешім қабылдау үрдістерін біріктіру;

11) тұрақты даму саласындағы лауазымды адамдар мен қызметкерлердің біліктілігін арттыру;

12) тұрақты даму саласындағы іс-шараларға тұрақты мониторинг жүргізу және бағалау, мақсаттар мен ҚЭК-ке қол жеткізуді бағалау, түзету шараларын қабылдау, тұрақты жақсарту мәдениетін енгізу.

20.15. Директорлар кеңесі Қоғамның атқарушы органы орнықты даму саласында тиісті жүйені қалыптастыруды және оны енгізуді қамтамасыз етеді.

Барлық деңгейдегі қызметкерлер мен лауазымды тұлғалар тұрақты дамуға үлес қосады.


20.16. Қоғам тұрақты даму саласындағы іс-шаралар жоспарын төмендегілерге негізделіп әзірлейді:

1) үш негізгі сала бойынша ағымдағы жағдайды талдау: экономикалық, экологиялық және әлеуметтік. Бұл талдауды жүргізу кезінде ақпараттың дұрыстығы, уақтылығы және сапасы маңызды болып табылады;

2) орнықты даму саласындағы тәуекелдерді айқындау. Тәуекелдер тұрақты дамудың үш бағытына сәйкес бөлінеді, сонымен қатар іргелес бағыттарға әсер етуі және басқа тәуекелдерді қабылдауы мүмкін. Тәуекелдерді анықтау үшін Қоғамға әсер етудің ішкі және сыртқы факторларына талдау жасалады;

3) мүдделі тараптарды анықтау және олардың қызметке ықпалын белгілеу;

4) мақсаттарды, сондай-ақ мүмкіндігінше нысаналы көрсеткіштерді, ұйымның қызметін үш құрамдас бөлік бойынша жақсарту және жетілдіру жөніндегі іс-шараларды, жауапты тұлғаларды, ресурстарды және орындау мерзімдерін айқындау;

	ИНТЕГРИРОВАННАЯ СИСТЕМА МЕНЕДЖМЕНТА	
	КОДЕКС КОРПОРАТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «ШЫҒЫС ЖЫЛУ»	
ККУ 18-01	Дата выпуска: 22.10.2024	Лист 93 из 107

5) нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізу мақсаттарының, іс-шараларының іске асырылуын тұрақты мониторингілеу және бағалау;

6) мүдделі тараптармен жүйелі және сындарлы өзара іс-қимыл жасау, кері байланыс алу;

7) қалыптастырылған жоспарды іске асыру;

8) тұрақты мониторинг және тұрақты есептілік;

9) жоспардың нәтижелілігін талдау және бағалау, қорытындылау және түзету және жақсарту шараларын қабылдау.

20.17. Тұрақты даму төмендегілерге кірігеді:

1) басқару жүйесі;

2) даму жоспары;

3) тәуекелдерді басқаруды, жоспарлауды (ұзақ мерзімді (даму жоспары), орта мерзімді (бес жылдық іс-шаралар жоспары) және қысқа мерзімді (жылдық бюджет) кезеңдерді қоса алғанда, негізгі үрдістер, есептілік, тәуекелдерді басқару, адами ресурстарды басқару, инвестициялар, операциялық қызмет, сондай-ақ органдардан бастап (Жалғыз акционер, Директорлар кеңесі, атқарушы орган) және қатардағы қызметкерлерге дейінгі барлық деңгейде шешім қабылдау үрдістері.

20.18. Тұрақты даму саласындағы басқару жүйесінде тұрақты даму саласындағы қағидаттарды, стандарттарды және тиісті саясаттар мен жоспарларды іске асыру үшін әрбір органның және барлық қызметкерлердің рөлдері, құзыреттері, жауапкершілігі айқындалады және бекітіледі.

20.19. Қоғамның Директорлар кеңесі орнықты дамуды енгізуге стратегиялық басшылық пен бақылауды жүзеге асырады. Қоғамның атқарушы органы тиісті іс-шаралар жоспарын қалыптастырады және оны Директорлар кеңесінің қарауына енгізеді.

Тұрақты даму мәселелерін дайындау мақсатында комитет құрылады немесе осы қызметтер тұрақты даму мәселелері Қоғамның Директорлар кеңесі жанындағы қолданыстағы комитеттердің бірінің құзыреті беріледі.

20.20. Қоғамда тұрақты даму мәселелері бойынша оқыту мен біліктілікті арттырудың арнайы бағдарламалары енгізілуде. Оқыту тұрақты дамуды енгізуде тұрақты элемент болып табылады. Қоғамның лауазымды тұлғалары қызметкерлердің орнықты даму қағидаттарын түсіну және ұстану және мәдениетті, іс-әрекетті жүргізу және міндеттерді орындау кезіндегі мінез-құлықты өзгерту негізінде орнықты дамуға тартылуына ықпал етеді.

20.21. Тұрақты даму қағидаттарын енгізудің артықшылықтары мыналарды қамтиды:

1) инвестициялар тарту - әлемдік тәжірибеде инвесторлардың инвестициялық тартымдылығын айқындау кезінде орнықты даму саласындағы тиімділік ескеріледі;

	ИНТЕГРИРОВАННАЯ СИСТЕМА МЕНЕДЖМЕНТА	
	КОДЕКС КОРПОРАТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «ШЫҒЫС ЖЫЛУ»	
ККУ 18-01	Дата выпуска: 22.10.2024	Лист 94 из 107
Редакция № 3		

2) басқарушылық тиімділікті арттыру және тәуекелдерді барынша азайту - басқарушылық шешімдер қабылдау үрдісіне экологиялық және әлеуметтік аспектілерді кіріктіру жоспарлау көкжиегін кеңейтуге және тәуекелдер мен мүмкіндіктердің неғұрлым жан-жақты спектрін ескеруге мүмкіндік береді, бұл бизнестің тұрақты дамуы үшін алғышарттар жасайды;

3) тиімділікті арттыру - заманауи технологияларды енгізу өзінің бәсекеге қабілеттілігі мен тиімділігін арттыра отырып, инновациялық өнімдер мен қызметтерді құруға мүмкіндік береді;

4) беделді нығайту - корпоративтік имиджді жақсарту тұрақты даму саласындағы қызметтің тікелей нәтижесі болып табылады, бұл брендтің құндылығын арттырады және сенім кредитін қалыптастырады, сондай-ақ іскер әріптестермен өзара іс-қимыл сапасына оңды әсер етеді;

5) ішкі және сыртқы мүдделі тараптар тарапынан адалдықты арттыру - тартымды еңбек жағдайларын, кәсіби және мансаптық өсу үшін мүмкіндіктер жасау перспективалы білікті мамандарды тартуға және сақтап қалуға мүмкіндік береді; мүдделі тараптармен тиімді сұхбат құру клиенттер, акционерлер, инвесторлар, мемлекеттік органдар, жергілікті халық, қоғамдық ұйымдар тарапынан түсіну және қолдау есебінен бизнестің тиімділігін арттыруға ықпал ететін Қоғам қызметі төңірегінде оңды ортаны қалыптастыруға ықпал етеді.

20.22. Тұрақты даму жөніндегі есепті Директорлар кеңесі бекітеді және корпоративтік ғаламтор ресурсында орналастыру және/немесе қағаз жеткізгіште ұсыну арқылы мүдделі тараптардың назарына жеткізеді.

Тұрақты даму саясатын мүдделі тараптардың назарына жеткізу мақсатында Қоғамның және ұйымдардың осы қызмет саласына арналған жеке бөлімі болады.


20.23. Қоғам тұрақты даму қағидаттары мен стандарттарын серіктестермен тиісті келісімшарттарға (келісімдерге, шарттарға) енгізуді және сақтауды талқылайды.

Қоғам немесе ұйым серіктестердің экономикаға, экологияға және қоғамға теріс әсер етуіне байланысты тәуекелді анықтаған жағдайда Қоғам мұндай әсерді тоқтатуға немесе алдын алуға бағытталған шараларды қабылдайды.

Әріптес тұрақты даму қағидаттары мен стандарттарын қабылдамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, осы серіктестің Қоғам үшін маңыздылығы және оған ықпал ету шаралары мен оны ауыстыру мүмкіндігінің бар-жоғы назарға алынады.

21. Тәуекелдерді басқару

21.1. Қоғамда тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың тиімді қызмет ететін жүйесі құрылған, ол Қоғамның стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізуін қамтамасыз етуге бағытталған және Қоғамның Директорлар кеңесі мен атқарушы органы тарапынан төмендегілерді қамтамасыз ету үшін құрылған ұйымдық саясаттардың, рәсімдердің, мінез-құлық пен іс-

	ИНТЕГРИРОВАННАЯ СИСТЕМА МЕНЕДЖМЕНТА	
	КОДЕКС КОРПОРАТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «ШЫҒЫС ЖЫЛУ»	
ККУ 18-01	Дата выпуска: 22.10.2024	Лист 95 из 107
Редакция № 3		

қимыл нормаларының, құратын басқару әдістері мен тетіктерінің жиынтығы болып табылады:

- 1) Қоғам құнының өсуі, табыстылығы және олардың тәуекелдері арасындағы оңтайлы теңгерім;
- 2) Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметінің тиімділігі және қаржылық тұрақтылығының жетістіктері;
- 3) Қоғам активтерінің сақталуы және ресурстарының тиімді пайдаланылуы;
- 4) қаржылық және басқарушылық есептіліктің толықтығы, сенімділігі және дұрыстығы;
- 5) Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарының сақталуы;
- б) алаяқтықтың алдын алу және негізгі және қосалқы бизнес-үрдістердің тиімді қызметін қамтамасыз ету және қызмет нәтижелерін талдау үшін тиісті ішкі бақылау жүргізу.


21.2. Директорлар кеңесі мен атқарушы орган Қоғамда тәуекелдерді тиісінше басқару мәдениетін енгізуді қамтамасыз етеді. Қоғамда тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі үздік тәжірибелерге негізделген нақты нормативтік базаға ие болып табылады.

21.3. Қоғамның Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару жүйесінің міндеттеріне сүйене отырып, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін ұйымдастырудың қағидаттары мен тәсілдерін айқындайтын ішкі құжаттарды бекітеді.

21.4. Қоғамда тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың тиімді жүйесін ұйымдастыру қызметкерлердің, менеджменттің, Қоғам органдарының шешім қабылдау кезінде тәуекел деңгейінің ақылға қонымдылығы мен қолайлылығын түсінуді қамтамасыз етуге, тәуекелдерге тез жауап беруге, негізгі және қосалқы бизнес-үрдістер мен күнделікті операцияларды бақылауды жүзеге асыруға, сондай-ақ, тиісті деңгейдегі басшылыққа кез-келген маңызды кемшіліктер туралы дереу хабардар етуге қабілетті басқару жүйесін құруға бағытталған.

21.5. Тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың тиімді жүйесін ұйымдастырудың қағидаттары мен тәсілдері мыналарды көздейді:

- 1) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің мақсаттары мен міндеттерін айқындау;
- 2) шешімдер қабылдаудың барлық деңгейлерін қамти отырып және тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін әзірлеу, бекіту, қолдану және бағалау үрдісінде тиісті деңгейдің рөлін ескере отырып, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің ұйымдық құрылымы;
- 3) тәуекелдерді басқару үрдісін ұйымдастыруға қойылатын талаптар (тәуекелді айқындау тәсілдері, тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау тәртібі, ден қою әдістерін айқындау, мониторинг);

	ИНТЕГРИРОВАННАЯ СИСТЕМА МЕНЕДЖМЕНТА	
	КОДЕКС КОРПОРАТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «ШЫҒЫС ЖЫЛУ»	
ККУ 18-01	Дата выпуска: 22.10.2024	Лист 96 из 107
Редакция № 3		

4) ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыруға және бақылау рәсімдерін жүргізуге қойылатын талаптар (ішкі бақылау жүйесінің негізгі бағыттары мен негізгі компоненттерінің сипаттамасы, ішкі бақылау саласындағы тиімділік пен есептілікті бағалау тәртібі).

21.6. Қоғамның ішкі құжаттарында Қоғам органдарының және Қоғамның өзге бөлімшелерінің рөлі мен міндеттері, жауапкершілігі, сондай-ақ, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің ұйымдастырылуы мен қызметі аясындағы өзара әрекет ету тәртібі көзделеді.

21.7. Қоғамның ішкі құжаттарында Директорлар кеңесінің Қоғамның атқарушы органының тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің шоғырландырылған негізде тиімді жұмыс істеуін ұйымдастыру және қамтамасыз ету жөніндегі жауапкершілігі бекітіледі.

21.8. Қоғамның атқарушы органы тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың тиімді жүйесінің құрылуын және оның қызметін қамтамасыз етеді. Тәуекелдерді басқару үрдісі жоспарлау (даму жоспары және/немесе іс-шаралар жоспары, жылдық бюджет) және Қоғам қызметінің нәтижелерін бағалау үрдістерімен біріктірілген.

21.9. Қоғамның әрбір тұлғасы шешім қабылдау кезінде тәуекелдерді тиісті түрде қарастырылуын қамтамасыз етеді.

21.10. Қоғамның атқарушы органы тиісті біліктілігі мен тәжірибесі бар қызметкерлердің тәуекелдерді басқару рәсімдерін енгізуді қамтамасыз етеді.

21.11. Қоғамның атқарушы органы төмендегілерді іске асырады:

1) Директорлар кеңесі бекіткен тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы ішкі құжаттарды әзірлеуді және енгізуді қамтамасыз етеді;

2) өзіне бекітілген тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау қағидаттары мен рәсімдерін тәжірибе жүзінде іске асыру және үздіксіз қызмет етуін қамтамасыз ету жолымен тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің құрылуын және тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

3) Директорлар кеңесінің шешімдерін және тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру саласындағы аудит жөніндегі комитеттің ұсынымдарын орындауға жауап береді;

4) ішкі құжаттардың талаптарына сәйкес тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесіне мониторинг жүргізеді;

5) бизнестің сыртқы және ішкі ортасындағы өзгерістерді ескере отырып, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау үрдістері мен рәсімдерін жетілдіруді қамтамасыз етеді.

21.12. Ішкі бақылау қағидаттарын іске асыру, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында Қоғамның атқарушы органы тәуекелдерді басқарудың және ішкі бақылаудың нақты рәсімдері үшін өкілеттіктерді, міндеттерді және жауапкершілікті төмендегі деңгейдегі

	ИНТЕГРИРОВАННАЯ СИСТЕМА МЕНЕДЖМЕНТА	
	КОДЕКС КОРПОРАТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «ШЫҒЫС ЖЫЛУ»	
ККУ 18-01	Дата выпуска: 22.10.2024	Лист 97 из 107
Редакция № 3		

басшылардың және/немесе құрылымдық бөлімшелердің басшыларының арасында бөледі.

21.13. Құрылымдық бөлімшелердің басшылары өздерінің функционалдық міндеттеріне сәйкес өздеріне сеніп тапсырылған Қоғам қызметінің функционалдық салаларында тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін әзірлеуге, құжаттауға, енгізуге, мониторинг жүргізуге және дамытуға жауапты болады.


21.14. Қоғамдағы тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің ұйымдық құрылымы (қызметінің ауқымы мен ерекшелігіне байланысты) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау мәселелеріне жауапты тұлғаның болуын көздейді, оның міндеттеріне мыналар жатады:

- 1) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау үрдістерін жалпы үйлестіру;
- 2) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы әдістемелік құжаттарды әзірлеу және тәуекелдерді сәйкестендіру, құжаттау, бақылау рәсімдерін енгізу, мониторинг жүргізу және жетілдіру, тәуекелдерге ден қою жөніндегі іс-шаралар жоспарын және тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын, олардың орындалуы жөніндегі есептерді қалыптастыру үдерісінде бизнес-үрдістердің иелері мен қызметкерлеріне әдіснамалық қолдау көрсету;
- 3) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласында қызметкерлерді оқытуды ұйымдастыру;
- 4) тәуекелдер портфелін талдау және тиісті тәуекелдерді басқаруға қатысты ресурстарды қайта бөлу стратегиясы бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- 5) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы ішкі құжаттарда көзделген мәселелер бойынша Директорлар Кеңесін және атқарушы органды хабардар ету және тәуекелдер жөніндегі жиынтық есептілікті дайындау;
- 6) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шараларды жүргізу.

21.15. Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау мәселелеріне жауапты тұлға тәуекелдің иесі болып табылмайды, бұл оның тәуелсіздігі мен дұрыс ұстанымын қамтамасыз етеді. Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау қызметтерін экономикалық жоспарлау, корпоративтік қаржыландыру, қазынашылық, инвестициялық шешімдер қабылдау қызметтерімен біріктіру мүмкін емес. Егер мүдделердің елеулі қақтығысы туындамаса, басқа қызметтермен біріктіруге жол беріледі.

21.16. Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі барлық елеулі тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау және мониторингілеу рәсімін жүргізу, сондай-ақ, тәуекелдер деңгейін төмендету бойынша уақтылы және барабар шараларды қабылдауды көздейді.

Тәуекелдерді басқару рәсімдері жаңа тәуекелдерге жылдам жауап беруді, оларды сәйкестендіруді және тәуекел иелерін анықтауды қамтамасыз етеді.

	ИНТЕГРИРОВАННАЯ СИСТЕМА МЕНЕДЖМЕНТА	
	КОДЕКС КОРПОРАТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «ШЫҒЫС ЖЫЛУ»	
ККУ 18-01	Дата выпуска: 22.10.2024	Лист 98 из 107
Редакция № 3		

Қоғамның бәсекелестік немесе экономикалық ортасында кез келген күтпеген өзгерістер болған жағдайда тәуекелдер картасын қайта бағалау және оның тәуекел-тәбетке сәйкестігі жүзеге асырылады.

21.17. Директорлар кеңесі Қоғамның ішкі құжаттарымен бекітілетін негізгі тәуекелдерге қатысты тәбет пен тәуекелге төзімділіктің жалпы деңгейін бекітеді.

21.18. Негізгі тәуекелдер бойынша төзімділік деңгейлері елеулі оқиғалар туындаған жағдайда қайта қаралады. Күнделікті қызметтегі тәуекелдерді шектейтін лимиттер белгіленеді.

21.19. Қоғамның тәуекелдерін тұтас және анық түсіну үшін жыл сайынғы негізде Директорлар кеңесі бекітетін тәуекелдер тізілімінде, тәуекелдер картасында, тәуекелдерге ден қою жөніндегі іс-шаралар жоспарында (үрдістерді жақсарту, барынша азайту стратегиялары) көрсетілетін тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау жүргізіледі.

21.20. Қоғам қызметкерлері күнделікті қызметінде тәуекелдерді анықтайды, олардың қызметке тигізетін ықтимал әсерін бағалайды және басқарады.

21.21. Директорлар кеңесі тәуекелдер тізілімін қарау кезінде оларға стратегиялық міндеттерді іске асыруға әсер етуі мүмкін тәуекелдердің қосылуын, ал тәуекелдерге жауап беру жөніндегі іс-шаралар жоспарын қарау кезінде іс-шаралардың шын мәнінде пайдалы екеніне көз жеткізілуін қамтамасыз етеді. Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғамның стратегиясы мен бизнес-жоспарларына әсер ету тұрғысынан негізгі тәуекелдер, оларды талдау туралы үнемі ақпарат алады.

21.22. Тәуекелдер бойынша есептер Директорлар кеңесінің отырыстарына жылына кемінде бір рет шығарылады және тиісті түрде толық көлемде талқыланады.


21.23. Қоғамда тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы ашық қағидаттар мен тәсілдер, қызметкерлер мен лауазымды тұлғаларды тәуекелдерді басқару жүйесіне оқыту тәжірибесі, сондай-ақ, құжаттау және ақпаратты лауазымды тұлғалардың назарына уақтылы жеткізу үрдісі енгізіледі.

21.24. Қоғам қызметкерлері жыл сайын, сондай-ақ, жұмысқа қабылдау кезінде қабылданған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесімен танысу үшін оқытудан/кіріспе нұсқаулықтанан өтеді.

Осындай оқыту нәтижелері бойынша білімді тестілеу жүргізіледі.

22. Корпоративтік келіспеушілікті реттеу

22.1. Қоғамның Директорлар кеңесінің және атқарушы органының мүшелері, Қоғам қызметкерлері өздерінің кәсіби қызметтерін қақтығыстарды болдырмай, акционерлер мен Қоғамның мүддесі үшін адал және ақылға қонымды түрде орындайды.

	ИНТЕГРИРОВАННАЯ СИСТЕМА МЕНЕДЖМЕНТА	
	КОДЕКС КОРПОРАТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «ШЫҒЫС ЖЫЛУ»	
ККУ 18-01	Дата выпуска: 22.10.2024	Лист 99 из 107

Корпоративтік келіспеушілік болған (туындаған) жағдайда қатысушылар Қоғам мен мүдделі тараптардың мүдделерін тиімді қорғауды қамтамасыз ету мақсатында келіссөздер жолымен оларды шешу жолдарын табады.

Қоғамның лауазымды тұлғалары Корпоративтік хатшыға келіспеушіліктің орын алуы (туындауы) туралы уақтылы хабарлайды.

Корпоративтік келіспеушіліктердің алдын алу және реттеу жөніндегі жұмыстың тиімділігі мұндай келіспеушіліктерді толық және тез анықтауды және Қоғамның барлық органдарының іс-қимылдарын үйлестіруді көздейді.

22.2. Корпоративтік хатшының көмегімен корпоративтік келіспеушіліктерді Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы қарастырады. Директорлар кеңесінің төрағасы корпоративтік келіспеушілікке тартылған жағдайда, мұндай жағдайларды кадрлар және сыйақылар жөніндегі комитет қарайды.

22.3. Жалғыз акционер мемлекеттік органдардың Қоғамның операциялық қызметіне араласуына, сондай-ақ, қабылданған шешімдер үшін Директорлар кеңесінің жауапкершілігін арттыру мақсатында мемлекеттік органдардың өкілдері болып табылатын Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлануына жол бермеуі тиіс.

Мемлекеттік қызметшілер болып табылатын мемлекеттік мүлік жөніндегі орталық уәкілетті органның және тиісті саланың уәкілетті органының, жергілікті атқарушы органдардың өкілдері Директорлар кеңесінің төрағасы ретінде сайлана алмайды.

Мемлекет өкілі ретінде Қоғамның және ұйымдардың Директорлар кеңесінің құрамына белгіленген тәртіппен мемлекеттік қызметші болып табылмайтын тұлғаларды сайлауға болады.

22.4. Корпоративтік келіспеушілікті бағалаудың дұрыстығын қамтамасыз ету және оны тиімді реттеу үшін жағдай жасау мақсатында мүдделері келіспеушілікті қозғайтын немесе қозғауы мүмкін тұлғалар оны реттеуге қатыспайды. Корпоративтік келіспеушіліктерді келіссөздер жолымен шешу мүмкін болмаған кезде олар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қатаң түрде шешіледі.

22.5. Директорлар кеңесі корпоративтік келіспеушіліктерді реттеу саясаты мен ережелерін әзірлейді және мезгілінде қайта қарайды, онда олардың шешімі Қоғам мен Жалғыз акционердің мүдделеріне сай болады.

22.6. Директорлар кеңесі өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша корпоративтік келіспеушіліктерді реттеуді жүзеге асырады. Бұл жағдайда Корпоративтік хатшыға Директорлар кеңесінің корпоративтік келіспеушіліктің мәні туралы ықтимал хабардар болуын және корпоративтік келіспеушілікті шешудегі делдалдың рөлін қамтамасыз ету міндеті жүктеледі.

22.7. Атқарушы орган Қоғамның атынан шешімдерді қабылдау Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылмаған барлық мәселелер бойынша корпоративтік келіспеушіліктерді реттеуді жүзеге асырады, сондай-ақ,

	ИНТЕГРИРОВАННАЯ СИСТЕМА МЕНЕДЖМЕНТА	
	КОДЕКС КОРПОРАТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «ШЫҒЫС ЖЫЛУ»	
ККУ 18-01	Дата выпуска: 22.10.2024	Лист 100 из 107

корпоративтік келіспеушіліктерді реттеу жөніндегі жұмысты жүргізу тәртібін дербес түрде белгілейді.

22.8. Директорлар кеңесі атқарушы органның құзыретіне жататын жекелеген корпоративтік келіспеушіліктерді қарайды.

23. Мүдделер қақтығысын реттеу

23.1. Мүдделер қақтығысы Қоғам қызметкерінің жеке қызығушылығы оның лауазымдық міндеттерін бейтарап орындауына әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін жағдай ретінде анықталады.

23.2. Қоғам қызметкерлері өзіне (немесе өзіне байланысты тұлғаларға) немесе басқа тұлғаларға қатысты мүдделер қақтығысы туындауы мүмкін жағдайға жол бермейді.

Қоғам Директорлар кеңесінің өз міндеттерін дұрыс орындауына кедергі келтіретін мүдделер қақтығысын болдырмау және Қоғамның Директорлар кеңесінің үрдістеріне саяси араласуды шектеу үшін оларды болдырмау және реттеу тетіктерін енгізеді.

23.3. Мүдделер қақтығысын болдырмаудың негізгі қағидаттары, оларды анықтау, бағалау және шешу тәсілдері Директорлар кеңесі бекітетін Қоғамның Іскерлік әдеп кодексінде бекітіледі.

24. Қоғам қызметі туралы ақпаратты ашу және оның мөлдірлігі


24.1. Мүдделі тараптардың мүдделерін сақтау мақсатында Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген ақпаратты, сондай-ақ, қаржылық жай-күйін, қызметі нәтижелерін, меншік және басқару құрылымын қоса алғанда, қызметі туралы ақпаратты уақтылы және анық ашады.

Қоғамның ақпаратты ашуы мөлдірлік, жүйелілік және жеделдік, сондай-ақ, ашылатын деректердің қолжетімділігі, шынайылығы, толықтығы және салыстырмалылығы қағидаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

Ақпаратты тарату арналары оны ашқан кезде қажетті ақпаратқа тең құқылы, уақтылы және шамадан тыс шығындарсыз қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Ақпаратқа қол жеткізу өтеусіз негізде беріледі және онымен танысу үшін арнайы рәсімдердің (парольдерді алу, тіркеу немесе өзге техникалық шектеулер алу) орындалуы талап етілмейді.

Қоғамдарға есептілік беру және ақпаратты ашу әрекеттеріне қойылатын талаптарға қатысты шешім қабылдау кезінде заңнама Қоғамның жалпы көлемі мен оның қызметінің бағытын ескереді.

24.2. Қоғамда ақпаратты ашу мен қорғаудың қағидаттары мен тәсілдерін, мүдделі тұлғаларға ашылатын ақпараттың тізбесін, ақпаратты ашу мерзімдерін, тәртібін, тәсілін, нысанын, олардың қызметтері мен міндеттерін көрсете отырып,

	ИНТЕГРИРОВАННАЯ СИСТЕМА МЕНЕДЖМЕНТА	
	КОДЕКС КОРПОРАТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «ШЫҒЫС ЖЫЛУ»	
ККУ 18-01	Дата выпуска: 22.10.2024	Лист 101 из 107
Редакция № 3		

жауапты лауазымды адамдар мен қызметкерлерді, сондай-ақ, ақпаратты ашу үрдістерін реттейтін басқа да ережелерді айқындайтын ішкі құжаттар бекітіледі.

24.3. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның Жарғысына сәйкес ақпаратты қол жеткізу санаттарына жатқызу тәртібін, ақпаратты сақтау және пайдалану шарттарын, оның ішінде, коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын ақпаратқа еркін қол жеткізуге құқығы бар тұлғалар тобын белгілейді және оның құпиялылығын қорғауға шаралар қабылдайды.

24.4. Қоғамның ғаламтор ресурсы құрылымдалған, навигацияны пайдалану үшін ыңғайлы болып табылады және мүдделі тұлғаларға Қоғамның қызметін түсіну үшін жеткілікті ақпаратты қамтиды. Ақпарат ғаламтор ресурсының жекелеген тақырыптық бөлімдерінде орналастырылады.

24.5. Ғаламтор ресурсын өзектендіру аптасына кемінде бір рет жүзеге асырылады. Қоғамда тұрақты негізде ғаламтор ресурсында орналастырылған ақпараттың толықтығы мен өзектілігін бақылау жүзеге асырылады, сондай-ақ ғаламтор ресурсының қазақ, орыс нұсқаларында орналастырылған осы ақпараттың сәйкестігі айқындалады. Осы мақсатта ғаламтор ресурсында орналасқан ақпараттың толықтығы мен өзектілігіне жауапты тұлғалар (құрылымдық бөлімше) бекітіледі.

24.6. Қоғамдардың ғаламтор ресурсы мынадай ақпаратты қамтиды:

1) миссия, негізгі міндеттер, мақсаттар мен қызмет түрлері, меншікті капитал мөлшері, активтер мөлшері, таза табыс және персонал саны туралы ақпаратты қоса алғанда, Қоғам туралы жалпы ақпарат;

2) даму жоспары және/немесе іс-шаралар жоспары (стратегиялық мақсаттар) туралы, қызметтің басым бағыттары;

3) органдардың, комитеттердің, корпоративтік хатшының қызметін реттейтін Қоғамның Жарғысы мен ішкі құжаттары;

4) этикалық қағидаттар туралы;

5) тәуекелдерді басқару туралы;

6) дивидендтік саясат туралы;

7) Директорлар кеңесінің мүшелері туралы мынадай мәліметтерді қоса алғанда: фотосуреті (Директорлар кеңесі мүшесінің келісімі бойынша), тегі, аты, әкесінің аты, туған күні, азаматтығы, Директорлар кеңесі мүшесінің мәртебесі (тәуелсіз директор, акционердің өкілі), Директорлар кеңесі мүшесінің қызметерін көрсету, оның ішінде Директорлар кеңесі комитеттеріне мүшелік немесе Директорлар Кеңесі төрағасының қызметтерін орындау, білімі, оның ішінде негізгі және қосымша білімі (білім беру мекемесінің атауы, бітірген жылы, біліктілігі, алған дәрежесі), соңғы бес жылдағы жұмыс тәжірибесі, негізгі жұмыс орны және қазіргі уақытта атқарып жүрген басқа да лауазымдар, кәсіби біліктілігі, Директорлар кеңесіне бірінші сайланған күні және әрекеттегі Директорлар кеңесіне сайланған күні, аффилиирленген ұйымдардың тиесілі акцияларының саны мен үлесі, тәуелсіз директорлар критерийлері;

	ИНТЕГРИРОВАННАЯ СИСТЕМА МЕНЕДЖМЕНТА	
	КОДЕКС КОРПОРАТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «ШЫҒЫС ЖЫЛУ»	
ККУ 18-01	Дата выпуска: 22.10.2024	Лист 102 из 107
Редакция № 3		

8) мынадай мәліметтерді қоса алғанда, атқарушы орган туралы: фотосуреті, тегі, аты, әкесінің аты, туған күні, азаматтығы, лауазымы және атқаратын қызметтері, білімі, оның ішінде негізгі және қосымша білімі (білім беру мекемесінің атауы, бітірген жылы, біліктілігі, алған дәрежесі), соңғы бес жылдағы жұмыс тәжірибесі, кәсіптік біліктілігі, қоса атқаратын лауазымдары, үлестес ұйымдардың тиесілі акцияларының саны мен үлесі;

9) қаржылық есептілік туралы;

10) жылдық есептер туралы;

11) сыртқы аудитор туралы;

12) сатып алу қағидаларын, хабарландыруларын және нәтижелерін қоса алғанда, сатып алу қызметі туралы;

13) мынадай мәліметтерді қоса алғанда, жарғылық капиталдың құрылымы туралы: шығарылған акциялардың (қатысу үлестерінің) саны мен номиналды құны, акциялармен берілетін құқықтардың сипаттамасы, жарияланған, бірақ орналастырылмаған акциялардың саны мен номиналды құны, акционерлердің (қатысушылардың) құрамы, оларға тиесілі қарапайым акциялардың (қатысу үлестерінің) саны мен үлесі, меншік құқықтарына билік ету тәртібі;

14) барлық деңгейдегі үлестес ұйымдар туралы ақпаратты қоса алғанда, олардың қызмет саласын қысқаша көрсете отырып, активтердің құрылымы туралы;

15) корпоративтік оқиғалардың жылдық күнтізбесі туралы;

16) мәміле тараптары, мәміленің елеулі шарттары (мәміленің мәні, мәміленің бағасы) туралы мәліметтерді қоса алғанда, жасауға мүдделілігі бар мәмілелер туралы, мәмілені мақұлдау туралы шешім қабылдаған орган;

17) мәміле тараптары, мәміленің елеулі шарттары (мәміленің мәні, мәміленің бағасы) туралы мәліметтерді қоса алғанда, ірі мәмілелер туралы, мәмілені мақұлдау туралы шешім қабылдаған орган туралы;

18) тұрақты даму саласындағы қызмет туралы;

19) бекітілген дивидендтердің мөлшері туралы;

20) жаңалықтар мен баспасөз ақпараты туралы;

21) ғаламтор ресурсының жедел желі туралы бастапқы бетінде - кез келген қызметкердің және/немесе лауазымды тұлғаның Директорлар кеңесін (аудит жөніндегі комитетті) және ішкі аудит қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасын, ішкі рәсімдерді, Іскерлік әдеп кодексін бұзу фактілері туралы хабардар етудің қауіпсіз, құпия және қолжетімді тәсілі туралы.

24.7. Қоғам осы Кодекстің ережелеріне және ақпаратты ашу тәжірибесіне сәйкес жылдық есеп дайындайды.

Жылдық есепті Директорлар кеңесі бекітеді.

24.8. Жылдық есеп құрылымдалған құжат болып табылады және қазақ, орыс тілдерінде жарияланады.

	ИНТЕГРИРОВАННАЯ СИСТЕМА МЕНЕДЖМЕНТА	
	КОДЕКС КОРПОРАТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «ШЫҒЫС ЖЫЛУ»	
ККУ 18-01	Дата выпуска: 22.10.2024	Лист 103 из 107

Жылдық есеп Жалғыз акционердің жылдық жалпы жиналысы өткізілгенге дейін дайындалады және ғаламтор ресурсында орналастырылады.

24.9. Жылдық есептің мазмұнына қойылатын талаптар мынадай ақпараттың болуын көздейді:

1) Қоғамның Директорлар Кеңесі төрағасының өтініші;
2) атқарушы органның өтініші;
3) Қоғам туралы: мынадай мәліметтерді қоса алғанда, жалпы мәліметтер: жарғылық капиталдың құрылымы туралы: шығарылған акциялардың (қатысу үлестерінің) саны мен номиналды құны, акциялармен берілетін құқықтардың сипаттамасы, жарияланған, бірақ орналастырылмаған акциялардың саны мен номиналды құны, акционерлердің (қатысушылардың) құрамы және оларға тиесілі қарапайым акциялардың (қатысу үлестерінің) саны мен үлесі), меншік құқығына билік ету тәртібі; миссиясы; даму жоспары, оны іске асыру нәтижелері; нарыққа шолу және нарықтағы жағдай;


4) есепті жылдағы қаржылық және операциялық қызметтің нәтижелері: қойылған міндеттерге қатысты қызметке шолу және талдау, оның ішінде мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясаттың мақсаттары мен міндеттерін орындау және Қоғамның саланың/өңірдің/Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуына әсерін бағалау; қызметтің операциялық және қаржылық көрсеткіштері; негізгі елеулі оқиғалар мен жетістіктер; Қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы мемлекетпен және өзге үлестес тұлғалармен жасалатын мәмілелер; мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясаттың мақсаттары мен міндеттерін орындауға байланысты шығыстар және оларды қаржыландыру көздері туралы ақпарат, сондай-ақ, мемлекеттен алынатын/алынған кепілдіктерді және мемлекет пен қоғам алдындағы кез келген міндеттемелерді, оның ішінде, мемлекеттік-жекешелік әріптестіктен туындайтын, Қоғам өзіне қабылдаған шарттық міндеттемелерді қоса алғанда, кез келген қаржылық қолдау (егер халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес ашылмаса), оның ішінде, қаржылық қолдау шарттары, оның мақсаттары және оларға қол жеткізу;

5) активтердің құрылымы;

6) болашақ кезеңдерге арналған мақсаттар мен жоспарлар;

7) тәуекелдің негізгі факторлары және тәуекелдерді басқару жүйесі;

8) корпоративтік басқару: корпоративтік басқару құрылымы; акционерлердің құрамы және иелену құрылымы; біліктілігін, іріктеу үрдісін қоса алғанда, Директорлар кеңесінің құрамы, оның ішінде тәуелсіз директорлар туралы олардың тәуелсіздігін айқындау өлшемшарттарын көрсете отырып; Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің қызметі туралы есеп; корпоративтік басқару тәжірибесінің осы Кодекстің қағидаттарына сәйкестігі туралы ақпарат, ал оның қағидаттардың әрқайсысының сақталмау себептері туралы түсіндірменің сәйкес

	ИНТЕГРИРОВАННАЯ СИСТЕМА МЕНЕДЖМЕНТА	
	КОДЕКС КОРПОРАТИВНОГО УПРАВЛЕНИЯ АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА «ШЫҒЫС ЖЫЛУ»	
ККУ 18-01	Дата выпуска: 22.10.2024	Лист 104 из 107
Редакция № 3		

келмеуі; Қоғамның атқарушы органының құрамы; атқарушы органның қызметі туралы есеп; лауазымды тұлғаларды марапаттау саясаты;

9) ESG (экологиялық және әлеуметтік жауапкершілік, корпоративтік басқару), Қоғамның орнықты дамуы және Қоғамның Қазақстан Республикасындағы БҰҰ Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге қосқан үлесі қағидаттарын енгізуге және қолдануға бағытталған іс-шаралар мен қызмет (тұрақты даму саласындағы жеке есепті дайындау кезінде осы есепке сілтеме беруге болады);

10) сыртқы аудитордың қорытындысы және ескертулері көрсетілген қаржылық есептілік;

11) жылдық есепке енгізілетін талдамалық көрсеткіштер мен деректерде алдыңғы кезеңге қатысты салыстырмалы талдау және қол жеткізілген прогресс (регрессия) (алдыңғы жылдық есепте көрсетілген ұқсас көрсеткіштердің мәндерімен салыстыру) көрсетіледі. Көрсеткіштерді ұқсас салада жұмыс істейтін халықаралық деңгейдегі компаниялармен салыстыру мақсатында салалық бенчмаркинг-талдау жүргізуге мүмкіндік беретін қызмет көрсеткіштері жарияланады.

25. Қорытынды ережелер

25.1. Осы Ереже оны Қоғамның Жалғыз акционері бекіткен кезден бастап күшіне енеді және Қоғамның Жалғыз акционері оның күші жойылды деп тану туралы шешім қабылдаған кезге дейін қолданылады. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімімен енгізуге болады.


25.2. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасын және/немесе Жарғыны өзгерту нәтижесінде осы Ереженің жекелеген баптары оларға қайшы келсе, бұл баптардың күші жойылады және осы Ережеге өзгерістер енгізілген сәтке дейін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын және Жарғыны басшылыққа алу қажет.

26. Өзгерістер енгізу

Осы Ереженің өзгерістерін заң бөлімі әзірлейді, Ережені келіскен тұлғалар келіседі, Қоғамның Жалғыз акционері бекітеді.

27. Тарату

Осы Ереженің көшірмесін .pdf форматта «Битрикс-24» корпоративтік порталында, «БЖМ құжаттарының мұрағаты» папкасында құжаттанушы; <https://ukteplo.kz/> сайтына бренд-менеджер орналастырады.

	БІРІКТІРІЛГЕН МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ	
КБК 18-01	«ШЫҒЫС ЖЫЛУ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІ	
Шығарылым № 3	Шағарылған күні: <i>22.10.2024</i>	53 парақтың 51-ші парағы

Келісілді

Бас директор



Р. Уразбаев

«18» 10 2024 ж.

Қаржы директоры



А. Фатеева

«18» 10 2024 ж.


БМЖ дамыту және ҚҚ
бөлімінің бастығы



Е. Орлова

«18» 10 2024 ж.

Тексерді:
нормобақылаушы



О. Фатеева

«18» 10 2024 ж.

Аудармашы



С. Жиренчина

«18» 10 2024 ж.

